



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2018

Қызмет нәтижелеріне шолу және
даму перспективалары

Корпоративтік басқару
Тәуекел-менеджмент
ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ЭНЕРГИЯ – ТІРШІЛІК ТІРЕГІ

4 | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ
Қазақстанда энергетика инвесторлар үшін тартымды сала

6 | БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ
«ОАЭК» өндіріс қуаттылықтарының 64,5%-ы жаңартылды

8 | НЕГІЗГІ АҚПАРАТ

8 | ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

8 | ХОЛДИНГТІҢ 2008-2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

14 | МАРАПАТ
2018 жылы «ОАЭК» АҚ 10 жылдық мерейтойына орай қызметкерлерді марапаттау

15 | 2008-2018 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

16 | БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

17 | 2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

18 | КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛИ

18 | «ОАЭК» – ІРІ ЖЕКЕ ХОЛДИНГ

18 | КОРПОРАЦИЯ РЕЙТИНГІ

18 | МИССИЯ

18 | КӨРІНІС

19 | КОРПОРАЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

19 | ҚҰНДЫЛЫҚТАР

20 | ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР

20 | НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР



2008 жылы басталған «ОАЭК» АҚ тарихы Қазақстан электр энергетикасы саласының дамуымен тығыз байланысты. Корпорацияның он жылдық тағы жетістіктерінің негізгі көрсеткіштері, өндірістік және әлеуметтік салаларда жүзеге асырған жобалары – біздің энергетика мен өңірлерді өркендетуге қосқан үлесіміз болып табылады. Бұл есепте біз 2008-2018 жылдары қызметке ықпал еткен «ОАЭК» АҚ-ның басты оқиғаларымен, сондай-ақ, біздің перспективаларымыз бен болашақ жоспарларымызбен таныстырамыз.

22 | 2016–2020 ЖЫЛҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ
«ОАЭК» белсенді қызметін жалғастырады

22 | НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

23 | 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

24 | НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

24 | ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

25 | ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНА ШОЛУ

26 | ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

26 | ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

27 | 2018 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР
Павлодар 3-ЖЭО турбиналық цехі 91%-ға жаңарды

30 | ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

31 | ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

32 | 2019 ЖЫЛЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ ЖОСПАРЛАРЫ

32 | ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

35 | ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Біздің басты бағыт – тұтынушыларға қолайлы жағдайлар жасау

38 | САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ
Біздің міндет – сатып алулардың жоғары тиімділігі

39 | ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР
Нәтижелілікті мақсат етеміз

44 | КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ
10 жылда тиімді корпоративтік басқару жүйесі қалыптасты

44 | АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

44 | АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

44 | ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

45 | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

45 | ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

46 | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

48 | ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

48 | АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

49 | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
«ОАЭК» инвестициялық бағдарламаны жоғары деңгейде жүзеге асырды

50 | ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

51 | АТҚАРУШЫ ОРГАН

52 | КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

52 | КӨЗҚАРАСТАР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

53 | КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

53 | СЫРТҚЫ АУДИТ



54 | ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

54 | ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

54 | ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

55 | ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

56 | ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ



58 | ТҰРАҚТЫ ДАМУ

58 | МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

60 | ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

62 | КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ
PROFENERGY – біздің дамуға қосқан үлесіміз

70 | АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

72 | ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

76 | ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

80 | КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

82 | ЕСЕП ТУРАЛЫ

82 | МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР

84 | GRI ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ ИНДЕКСІ

88 | ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

94 | ГЛОССАРИЙ

97 | БАЙЛАНЫС

“ ҚАЗАҚСТАНДА ЭНЕРГЕТИКА ИНВЕСТОРЛАР ҮШІН ТАРТЫМДЫ САЛА

2018 жылы «ОАЭК» АҚ-ның Қазақстан электр энергетикасы нарығында өз қызметін бастағанына 10 жыл толды. Бұл жылдары компания тұрақты дамып, көптеген көрсеткіштер бойынша үздік позицияларға ие болды.

АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ КЛЕБАНОВ, «ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

— Республикада энергетика саласының дамуына не негіз болды?

— Энергетика нысандарын дамыту арқылы ойға алған жоспарларымызды сәтті жүзеге асырдық. Нысандар Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері елді тұрақты түрде энергиямен қамтамасыз етуде. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ең негізгі міндеттердің бірі ретінде республикадағы энергетикалық инфрақұрылымды дамытуды айқындап берді. Ол тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға инвесторлар тартудың маңыздылығын бірнеше рет нықтап айтқан болатын. Президент тапсырмасын орындау аясында 2009 жылы Үкімет шекті тарифтер бағдарламасын қабылдап, ол Қазақстанның жалпы электр энергетикасы саласының инвестициялық тартымдылығын арттырды.

— ОАЭК қандай инвесторларды тарта алды?

— Біздің негізгі серіктесіміз – Еуропалық қайта құру және даму банкі (ЕҚДБ) болып, ол «ОАЭК» капиталына өндіріс активтерін жаңғырту жобаларын қолдау мақсатында кірді. Сондай-ақ, өзінің қалыптасу кезеңінде Корпорация акционерлік капиталына Ислам инфрақұрылым қоры мен «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингін тарта білді. Халықаралық институционалды инвесторлармен серіктестік құра отырып, «ОАЭК» Қазақстан энергетика саласындағы ірі жеке вертикалды түрді біріктірілген компанияға айналды. 10 жыл ішінде біз «ОАЭК» қызметіне өз тәжірибесі мен жоғары стандарттарын енгізген акционерлермен жұмыс істедік.

— Шекті тарифтер бағдарламасы өз жұмысын бастағаннан бергі 10 жылда Корпорация қандай жетістіктерге қол жеткізді?

— Холдингке кіретін кәсіпорындар энергетикалық нысандарды қайта құру, жаңғырту және құру бойынша бірқатар ірі инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асырып, нысандарды қаржыландыру,

техникалық сараптау және кейінгі пайдалану бойынша мәселелер кешенін шеше білді. 10 жылда біз өндіріс қуаттылықтарының 64,5 %-ын жаңартып, өзіміз қызмет ететін өңірлердегі энергия қауіпсіздігін жақсарттық.

Қызметіміздің маңызды бағыттарының бірі – корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік екенін де айтып өтудің маңызы зор. Жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, біз Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында балабақша, жатақхана, студенттер үйі, теннис орталығы сынды бірқатар инфрақұрылымдарын салдық. 2018 жылы еншілес компаниямыз – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» арқылы біз Павлодар қаласының Усолка ауданында жүзу бассейнін салу бойынша жобаға қатыссақ, 2019 жылы Павлодарда көппәтерлі үй пайдалануға берілетін болады.

— 2018 жылы Корпорация үшін стратегиялық тұрғыда маңызды қандай оқиғалар орын алды?

— 2018 жылғы желтоқсанда «ОАЭК» ұзақмерзімді даму стратегиясына сәйкес, «ОАЭК» АҚ ЕҚДБ және ИИҚ акцияларын сатып алып, Корпорацияның 92,75% акцияларына иелік етті. Акционерлер қатарында, сондай-ақ, стратегиялық инвестор – «Бәйтерек» ҰБХ қорлары да бар. Айта кету керек, ЕҚДБ өңірлерді жылумен қамту жүйесін жаңғырту жобаларында серіктес болып, «ОАЭК» АҚ-мен әріптестігін жалғастырады.

Ұзаған жыл дамудың маңызды бөлігін аяқтай отырып, Корпорация өміріндегі жаңа кезеңнің шымылдығын ашуда. Біз корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына, өз қызметкерлеріміздің қалыптасқан тәжірибесі мен кәсібилігіне сүйене отырып, өз қызметімізді жалғастырамыз. Корпорация өндірісті жаңғырту мен әлеуметтік нысандар салуға инвестиция бөлуін жалғастыра бермек. Біздің тұрақты дамуымыз тұтынушылардың өмір сапасын арттырып, өңірлердің экономикалық дамуына өз үлесін қоса беретін болады.



«ОАЭК» ӨНДІРІС ҚУАТТЫЛЫҚТАРЫНЫҢ 64,5 %-Ы ЖАҢАРТЫЛДЫ

Ұзақан 10 жылдағы Қазақстан электр энергетикасы саласындағы басты оқиғалардың бірі – шекті тарифтер бағдарламасы болды. Бұл бағдарлама электр энергетикасы нарығының қатысушыларына инвестициялық жобаларды жүзеге асырып, саланың негізгі қорларын айтарлықтай жаңғыртуға мүмкіндік берді.

СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ КАН,
«ОАЭК» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ

— Сіздіңше шекті тарифтер бағдарламасының ең маңызды нәтижесі қандай?

— Шекті тарифтер бағдарламасы әрекет еткен 2009-2015 жылдар кезеңінде республикада жалпы қуаттылығы 3 791 МВт болатын өндіріс нысандары жаңғыртылып, қайта қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді. Бұл кезеңде Корпорация үлесі жалпы көрсеткіштің 14,9 %-ын құрады. Бағдарламаны жүзеге асыру республика бойынша электр станцияларындағы энергоблоктардың апаттық жадайда істен шығу оқиғаларының кемуіне оң ықпал етті.

— Бағдарламаны одан әрі қарай жалғастырғаннан кейін қандай нәтижелерге қол жетті?

— 2016-2018 жылдары «ОАЭК» тағы 220 МВт жаңартылған және жаңа қуаттылықтарды іске қосты. 2009-2018 жылдар кезеңінде «ОАЭК» өндіріс қуаттылықтары 64,5 % жаңартылды, бұл еліміздің энергетикалық компаниялары арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Айта кету керек, Павлодар 3-ЖЭО – Қазақстандағы 70 % жаңартылған жалғыз жылу электр орталығы. Станцияның турбиналық цехі 91 % жаңартылды. Барлық инвестициялық бағдарламалар мен тартылған қарыздарды есепке алсақ, «ОАЭК» 2009 жылдан бері жаңғырту жобаларына 7 209 млрд жұмсады. 2018 жылы станцияда кезекті ірі жоба – №6 турбинаны жаңғырту жобасы жүзеге асырылды. Бұл турбина виброоқшаулағыштар үстінде жұмыс жасайды және ТМД мен Еуропадағы ең қуатты агрегат болып табылады.

— Жобаларды жүзеге асырудағы басымдықтар қандай?

— Негізгі басымдық – экологиялық көрсеткіштерді жақсарту болған және солай болып қала бермек. Жылу станцияларындағы күл шығарылымы 70%-ға төмендеді: 2008 жылы 50,6 мың тонна болса, 2018 жылғы көрсеткіш – 14,3 мың тонна. Мұндай көрсеткіштерге біз өндіріс жабдықтарын жаңғырту жұмыстарын жүргізу арқылы қол жеткіздік.

«ОАЭК» мемлекеттік органдармен, «Атамекен» ҰҚП-мен белсенді әріптестік жасап, маңызды мемлекеттік бастамаларды талқылау мен жүзеге асыруға қатысатынын атап өткен маңызды. Мысал ретінде «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларында жылумен қамту жүйелерін қайта құру жобалары жүзеге асырылып жатқанын атауға болады.


— Оң өзгерістер басқа салалардағы жобаларда да орын алды ма?

— Біз инновациялық шешімдер енгізу мен процестерді автоматтандыруға айрықша көңіл бөлеміз. 2015 жылы өзіндік МӨО (мәліметтерді өңдеу орталығы) пайдалануға беріліп, орталыққа Холдингтің барлық маңызды ақпараттық жүйелері шоғырландырылды. МӨО-ның коммуникациялық, есептеуші және инженерлік жүйелерінің бірыңғай периметрі холдингтің АТ жүйелері жұмысын 24/7/365 режимінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді. 2018 жылы мәліметтерді өңдеу жылдамдығын арттыру, дисктік кеңістікті кеңейту үшін мәліметтерді сақтаудың жаңа жүйесі пайдалануға берілді. МӨО алаңына ЭКЕАЖ жүйесінің серверлік қуаттылықтары көшіріліп, электронды құжат айналымының орталықтандырылған жүйесі, ӨТП АБЖ пайдалануға берілді.

— Алдағы уақытта «ОАЭК» қандай бағыттарға инвестиция бөлуді жоспарлап отыр?

— 2019 жылы біз «ОАОЭК Green Energy» ЖШС-н сатып алу келісімін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл компания Ақмола облысында жалпы қуаттылығы 100 МВт болатын жел электр станциясының бірінші кезеңін салуда. Біз диверсификациялық электро-энергетикалық холдинг құру үстіндеміз, тиісінше болашақта көмірмен қатар, жаңартылатын энергетика саласын да дамыту ниетіндеміз. Барлық жобаны жүзеге асыруда инновациялық технологиялар қолданылып, станциялар жұмысының экологиялық көрсеткіштерін жақсарту береміз.

ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ



ЭНЕРГИЯ – ТІРШІЛІК ТІРЕГІ: 10 ЖЫЛ!

ХОЛДИНГТІҢ 2008-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Астанаэнергосбыт» ЖШС-н біріктіретін «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» акционерлік қоғамы құрылды. Оның тіркеу уақытындағы жалғыз құрылтайшысы – «ОАОЭК» АҚ.

2008 ▶▶



ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО-НДА №1 ТУРБОАГРЕГАТ ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ


Еуропалық қайта құру және даму банкі «ОАЭК» акцияларының 24,99 %-ын иеленді.



2009 ▶▶



2010-2015 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бекітілді.



2010 ▶▶

ХОЛДИНГТИҢ 2008–2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



ПАВЛОДАР 2-ЖЭО-НДА №1 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №1 ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ ОРНАТЫЛДЫ
«ОАЭК» акционерлері құрамына Ислам Инфрақұрылым қоры (Kaz Holdings Cooperatief U.A, Амстердам) кірді.



«ОАЭК» компаниялар тобында тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.
«ОАЭК» АҚ акционері – «ОАОЭК» АҚ қаражатына «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қолдауымен «Энергетик» теннис орталығы салынды.

2011 ▶▶



ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №1 ТУРБОАГРЕГАТ ОРНАТЫЛДЫ
ПАВЛОДАР 2-ЖЭО-НДА №2 ЖАҢА ГРАДИРНЯ ОРНАТЫЛДЫ
ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ:
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №6 ТУРБОАГРЕГАТ
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №6 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №7 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ

23 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында «ОАЭК» АҚ Стратегиялық сессиясы өтіп, оған компаниялар тобының топ-менеджерлері: Корпоративтік орталық (КО), «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ, «АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС және «АЭҮК» АҚ қатысты.

2012 ▶▶



ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №4 ЖАҢА ТУРБОАГРЕГАТ ОРНАТЫЛДЫ



«ОАЭК» электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) енгізу бойынша жобаны жүзеге асыруды бастады.

2013 ▶▶



ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ:
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №5 ТУРБОАГРЕГАТ
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №3 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ
ОРНАТЫЛДЫ:
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №8 ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ
ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО-НДА №6 ЖАҢА ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ

«ОАЭК» АҚ «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ-ның 48,41 % акцияларын меншігіне алу арқылы қоғамның 100 % пакетін шоғырландырды. Бұған дейін компанияның 51,59 % акциялары «ОАЭК» жарғылық капиталына оның акционері – «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» тарапынан берілген болатын.

«Эксперт-200 Қазақстан» рейтингінің нәтижесі бойынша «ОАЭК» Қазақстанның ірі жеке энергетикалық компаниясы болып танылды.

Астана қаласында (бүгінде – Нұр-Сұлтан) «ОАЭК» өкілдігі ашылды.

«ОАЭК» және ALSTOM Holdings компаниясы арасында энергия жабдықтарын жеткізу бойынша өзара әрекет және түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

2014 ▶▶



ОРНАТЫЛДЫ:
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №1 ЖАҢА ТУРБОАГРЕГАТ
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №2 ЖАҢА ТУРБОАГРЕГАТ
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №5 ЖАҢА ГРАДИРНЯ
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №4 ТУРБОАГРЕГАТ ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ
ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ:
ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №2 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ
ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №7 ТУРБОАГРЕГАТ

«ОАЭК» 15 ұлттық чемпион – орта бизнес саласындағы бәсекеге қабілетті қазақстандық компаниялар қатарына енді.

Павлодар энергожүйесін басқару Орталық диспетчерлік пункті іске қосылды.

Павлодар қаласында «ОАЭК» Мәліметтерді өңдеу орталығы ашылды.

«ОАЭК» еншілес компанияларында жас мамандарды қолдау және оқу орындары түлектерін кәсіпорындарға тарту жүйесі бойынша PROFENERGY бағдарламасы жұмысын бастады.

«Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ еншілес қорлары - KIF ENERGY S.a r.l., «Baiterek Venture Fund» АҚ, SKIF ENERGY S.a r.l. «ОАЭК» акционерлері құрамына кірді.

Петропавлда «Алақай» балабақшасы пайдалануға берілді. Нысан Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен «ОАЭК» акционері – «ОАОЭК» АҚ-ның мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қолдауымен салынды.

2015 ▶▶

ХОЛДИНГТІҢ 2008–2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №5 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТ ҚАЙТА ҚҰРЫЛДЫ

ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №5 ЖАҢА ТУРБОАГРЕГАТ ОРНАТЫЛДЫ

ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО-НДА №12 ҚАЗАНДЫҚ АГРЕГАТТЫ ЖАҢҒЫРТУ АЯҚТАЛДЫ

«ОАЭК» 2016-2020 жылдарға арналған Даму стратегиясы қабылданды.

«ОАЭК» Орал турбина зауытымен Корпорация станцияларының өндіріс жабдықтарын жаңғырту саласындағы әріптестік туралы меморандумға (үшінші келісім) қол қойды.

«ОАЭК» еншілес компаниялары «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамыту мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында Еуропалық қайта құру және даму банкімен, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрілігімен Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларының жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды жүзеге асыру туралы үшжақты шартқа қол қойды.

ИНФОПРО компаниясының Павлодар 3-ЖЭО өндірістік процестерін басқаруды қолдауға арналған ақпараттық-есептік бағдарламалық кешені өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылы жатақхана ашылды.

2016



Павлодар монтаж колледжінің энергетик студенттеріне арналған 200 орындық жаңа жатақхана ашылды.



«ОАЭК» Корея Электроэнергетикалық Корпорациясымен (KEPCO) энергияның балама көздерін дамыту және жаңа энергетикалық технологиялар саласында өзара түсіністік және әріптестік туралы меморандумға қол қойды.

2017



ПАВЛОДАР 3-ЖЭО-НДА №6 ТУРБОАГРЕГАТТЫ ЖАҢҒЫРТУ АЯҚТАЛДЫ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ құрамында жаңа кәсіпорын – «Екібастұзжылуэнерго» ЖШС құрылды.

«ОАЭК» еншілес компаниясы - «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қатысуымен салынған 50 метрлік жаңа «Ертіс OLYMPIC» жзу бассейні ашылды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы «Парыз 2018» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша байқауда «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында лауреат атанды. Марапаттау рәсіміне «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Дүйсенбай Нұрбайұлы Тұрғанов қатысты.

VIII жыл сайынғы байқау аясында «ОАЭК» АҚ жылдық есебі «Тұрақты даму туралы ақпаратты үздік ашып көрсету» аталымында номинант (үшінші орын) атанды. Сондай-ақ, компанияның жылдық есебі үш жыл қатарынан Қазақстанның қаржылық емес сектордағы үздік бестік қатарынан табылды.

«ОАЭК» АҚ акционерлері құрамынан Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Ислам Инфрақұрылым қоры шықты.

АИДА СИТДИКОВА,
ЕҚДБ Тұрақты Инфрақұрылым Тобы, Еуразия,
Энергоресурстар департаментінің директоры:

« — ЕҚДБ 2009 жылы «ОАЭК» АҚ-ның капиталына кірген уақытта алға қойған міндеттерінің бірі – жаңа құрылған жеке компанияның қалыптасуына қолдау көрсету болатын. Ол кезде компанияда өндіріс қуаттылықтары мен желілік шаруашылықты жаңғырту және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту қажеттілігі бар болатын. Мен компанияның алдына қойған міндеттерінің үдесінен шығып, инвестициялық бағдарламаны сәтті жүзеге асырғанын қуана айтқым келеді. Сонымен қатар, ЕҚДБ-нің компаниялардың акционерлік капиталына кіру бойынша кез-келген жобасы өзіндік өмірлік цикліне ие. Акционерлер құрамынан шығу арқылы біз бұл капиталды жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін қолдануға мүмкіндік аламыз. Соған орай біздің «ОАЭК» АҚ-ндағы миссиямыз аяқталды деуге болады. Ұзақ жылға созылған бұл әріптестік біз үшін үлкен мақтаныш, компанияның дамуына қосқан үлесімізге көңіліміз толады. Алдағы уақытта «ОАЭК» АҚ-на кредиторлардың бірі ретінде қолдау көрсетуді жалғастырамыз.

2018

ЭНЕРГИЯ – ТІРШІЛІК ТІРЕГІ

2018 ЖЫЛЫ «ОАЭК» АҚ 10 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ

«ЕҢБЕК АРДАГЕРІ» МЕДАЛІ

Баранов Владимир Августиневич
«АЭУК» АҚ техникалық кеңесшісі

Бармин Виктор Николаевич
«СВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО директоры

Ризен Инна Андреевна
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директорының
экономика және қаржы жөніндегі экс орынбасары

«ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ҮШІН» МЕДАЛІ

Кан Сергей Владимирович
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық
Корпорациясы» АҚ Бас директоры

Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық
Корпорациясы» АҚ Бас директорының
Бірінші орынбасары

Перфилов Олег Владимирович
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Бас директоры

«ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИК» АТАҒЫ (ҚЭҚ ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИГІ)

Орал Бағдат Еркебұланұлы
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы»
АҚ Бас директорының энергия өткізу жөніндегі
орынбасары

Федорова Светлана Ромуальдасовна
«АЭУК-Энергосбыт» ЖШС директоры

Казановский Анатолий Антонович
«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ Бас директоры

Волкова Галина Геннадьевна
«Павлодар жылу желілері» ЖШС тұтынушылармен
жұмыс бойынша басқарма басшысы

«ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЭНЕРГЕТИК» ТӨСБЕЛГІСІ

Шевцов Владимир Григорьевич
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО директоры

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҚҰРМЕТТІ ЭНЕРГЕТИК» ТӨСБЕЛГІСІ

Дружинин Михаил Юрьевич
«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС ЕЖЭО жылу
автоматикасы және өлшеулер цехінің басшысы

ТМД ЭЛЕКТРОЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ НАГРАДАСЫ «ТМД ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЭНЕРГЕТИГІ» ҚҰРМЕТ БЕЛГІСІ

Фесько Виталий Вячеславович
«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ Бас директорының
өндіріс жөніндегі орынбасары

Бобков Фёдор Николаевич
«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС ЕЖЭО қазандық-
турбиналық цехінің ауысым басшысы

«ЕҢБЕГІ СІҢІРГЕН ЭНЕРГЕТИК» АТАҒЫ (ҚЭҚ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЭНЕРГЕТИГІ)

Язовская Алла Анатольевна
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы»
АҚ Бас директорының экономика және қаржы
жөніндегі орынбасары

Зинкевич Александр Викторович
«Астанаэнергосбыт» ЖШС Бас директоры

Объедков Николай Павлович
«Астанаэнергосбыт» ЖШС №4 қызмет көрсету
орталығының басшысы

Григорьев Олег Анатольевич
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО қазандық
цехінің басшысы

2008–2018 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ



ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

турбоагрегат № 1 (жаңа);
турбоагрегат № 2 (жаңа);
турбоагрегат № 4; турбоагрегат № 5;
турбоагрегат № 6;


градирня № 5 (жаңа);

қазандық агрегат № 1 (жаңа);
қазандық агрегат № 2; қазандық агрегат № 3;
қазандық агрегат № 4; қазандық агрегат № 5.



ЕКІБАСТҰЗ ЖЭО

турбоагрегат № 1 (жаңа);
қазандық агрегат № 6 (жаңа).



ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

турбоагрегат № 1 (жаңа); турбоагрегат № 2;
турбоагрегат № 4 (жаңа); турбоагрегат № 5 (жаңа);
турбоагрегат № 6; турбоагрегат № 7;
қазандық агрегат № 6; қазандық агрегат № 7;
қазандық агрегат № 8 (жаңа); қазандық агрегат № 12.



Павлодар 2-ЖЭО

қазандық агрегат № 1;
градирня № 2 (жаңа).

ӨСІМ ДИНАМИКАСЫ



288 МВт-қа (30%)
орнатылған
электр қуаты
1 218 МВт



210 Гкал/с-қа (7,6%)
орнатылған
жылу қуаты
2 981 Гкал/с



1 627 млн кВт-с-қа
(30%)
электр энергия
өндірісі



871 мың Гкал-ға
(14,5%)
жылу энергия
өндірісі

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

КАПИТАЛДАР

ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ
Жарғылық капитал -
₸ 46 043 272 мың

ТАБИҒИ КАПИТАЛ
6 432,9 мың тонна көмір тұтыну
7 700 тонна мазут тұтыну
905 512,9 мың м³ су тұтыну

ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ
4 ЖЭО 4 өткізуші компания
996 км жылу желілері **49,4** мың км электр желілері

АДАМ КАПИТАЛЫ
10 782 жұмысшы **31,7 %** жоғары білімді
1 048 адам кадрлық резерв
PROFENERGY бағдарламасы

ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ
Ellipse, Mobility, ЭКЕАЖ, ЖКЕАЖ, «Тезис» ӨТП АБЖ, биллинг, қазандық және турбоагрегаттардың ТП АБЖ, Инфопро

ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ
Мүдделі тараптардың **9** тобы
Әлеуметтік саясат

ҚЫЗМЕТ




CAERCO

Орталық-Азия
Электроэнергетикалық Корпорациясы

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ


- Энергия жабдықтарын жаңғырту;
- Жылу және электр желілерін қайта құру;
- Процестерді автоматтандыру.



Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ӨТКІЗУ
тұтынушыларға электр және жылу энергиясын сату қызметі.

Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Энергияны өндіріс орындарынан тұтыну орындарына тасымалдау электр желілері арқылы жүзеге асырылады. Олардың құрамына электр беру желілері және тарату құрылғылары кіреді.



Ж/Э ЖӘНЕ Э/Э ӨНДІРУ
холдингінің 4 ЖЭО-нда жылу және электр энергиясын өндіру.

2018 ЖЫЛҒЫ
НӘТИЖЕЛЕР

ЖАҢҒЫРТУ

Павлодар **3-ЖЭО**-нда **№6** турбоагрегатты **ЕНГІЗУ**

Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспарын **ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ**

₸ 5 188,625 млн қоршаған ортаны қорғау шығындары;

Қалдықтардың қалыптасу көлемі **3,5** мың тоннаға төмендеді;


Жарақаттану деңгейі **30 %**-ға кеміді

Өндірісте адам өлімімен аяқталған оқиға саны – **0**;

84 мың тұтынушы ЭКЕАЖ-бен жабдықталды.

3 153 жылу есептеу құралы **ОРНАТЫЛДЫ**

Мүдделі тараптармен өзара қызмет **ЖОСПАРЫ ОРЫНДАЛДЫ.**



2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТТІҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



₸ 143,880 млрд өткізу көлемі

₸ 1,6 млрд таза пайда

₸ 1,58 млрд бір жылғы жиынтық табыс

₸ 29 405 млрд EBITDA

20,44 % EBITDA margin%

ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ



7 026 млн кВт·с электр энергия өндірісі

6 874 мың Гкал жылу энергия өндірісі

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ЭНЕРГИЯ БОСАТУ (тауарлы босатылым)



7 907 млн кВт·с электр энергиясының босатылымы

12 627 мың Гкал жылу энергиясының босатылымы

АКТИВТЕР



₸ 37,375 млрд айналымды активтер

₸ 276,715 млрд айналымнан тыс активтер

₸ 21,118 млрд инвестиция көлемі

КОРПОРАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ПРОФИЛІ

ОАЭК – ІРІ ЖЕКЕ ХОЛДИНГ

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның электр және жылу энергетикасы саласындағы вертикалды түрде біріктірілген ірі жеке холдинг болып табылады. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобы жылу энергиясын өндіру мен тарату және электр энергиясын тарату нарығында өзі қызмет ететін өңірлерде монополиялық мәртебеге ие.

10 782 адам Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны
6,6 % Корпорацияның 2018 жылғы электр энергиясын өндіру нарығындағы үлесі
> 2 млн тұтынушылар (туыстықты есепке алғанда)
1 218 МВт орнатылған электр қуаты
2 981 Гкал/с орнатылған жылу қуаты

КОРПОРАЦИЯ РЕЙТИНГІ (2018 ЖЫЛҒЫ 23 ШІЛДЕ)

FITCH RATINGS ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГ АГЕНТТІГІ

- В+
- Болжам «Тұрақты»

РЕЙТИНГТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ

- Шетелдік және ұлттық валютадағы дефолттық ұзақмерзімді РДЭ
- «В+» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»
- Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг «BBB(kaz)» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»
- Қысқамерзімді шетелдік валютадағы РДЭ «В» деңгейінде расталды
- Басымдықты қамтамасыз етілмеген ұлттық валютадағы рейтинг «В» / деңгейінде расталды
- Активтердің қайтарымдылық рейтингі «RR5»
- Ұлттық басымдықты қамтамасыз етілмеген рейтинг «BB+(kaz)» деңгейінде расталды



МИССИЯ

Тұтынушылардың өмір сапасын арттыру және қызмет ететін өңірлердің экономикалық дамуына тұрғындарға, өнеркәсіп пен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына энергиямен қамту бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы жағдай жасау. Корпорация аталған миссияны өз қызметін халықаралық өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала бойынша стандарттарына сай жүргізу арқылы жүзеге асырады. Тиімділіктің негізін Корпорация қызметкерлері құрайды, олардың құндылығы – жоғары кәсібилігінде, командамен жұмыс жасай білуінде және нәтижеге қол жеткізе алуға ұмтылысында жатыр.

КӨРІНІС

«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ – Қазақстанның жеке энергетикалық компанияларының ішінде көш басында. Корпорация өз қызметін республиканың солтүстігінде өте ауыр климаттық жағдайларда жүзеге асырады. Корпорация жеке бөлімшелердің (кәсіпорын топтарының) қарқынын, икемділігін топты орталықтан басқарудың тұрақтылығымен, сенімділігімен үйлестіре отырып, холдингтік құрылымның артықшылықтарын табысты пайдаланып келеді.

Корпорация қызметкерлері – биік мақсаттарды бағындырып келе жатқан кәсіби мамандар командасы. Корпорацияның тұтынушылармен және жеткізушілермен орнатқан серіктестік қарым-қатынасы құрмет-ізет және өзара жауапкершілік негізінде құрылған.

КОРПОРАЦИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ



ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Қызметкерлердің жеке құқықтары мен көзқарастарына, тұтынушылардың талаптарына және біздің серіктестер мен қоғам алға тартатын әріптестік шарттарына **ҚҰРМЕТ**.

Қол жеткізген нәтижелерге лайықты еңбекақы беретін және кәсіби дамуға тең құқықтар беретін **ӘДІЛДІК**.

Біздің жұмысымызға қажетті ақпаратты беру саласындағы **АДАЛДЫҚ**.

Біздің барлық жұмысымыздағы мүмкін нәтижелерге тұрақты қол жеткізуге негіз болатын **ТИІМДІЛІК**.

Өз шешімдерінің салдарына жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін **ЕРЛІК**.

Адамдарды кез-келген зиян мен денсаулығына төнетін қауіптерден қорғауға және қоршаған ортаны сақтауға негіз болатын **ҚАМҚОРЛЫҚ**.

Шешім қабылдауға және оған жауапкершілікті алуға мүмкіндік беретін қызметкерлерге деген **СЕНІМ**.

ЕНШІЛЕС КОМПАНИЯЛАР

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Павлодар облысы және Павлодар қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.


«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Павлодар, Қарағанды, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарына жеткізіледі.



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысы және Петропавл қаласында қызмет ететін, өндіріс, тасымал және өткізуші кәсіпорындарды қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндіретін электр энергиясы Қазақстанның солтүстік, орталық, шығыс, оңтүстік өңірлеріне жеткізіледі.



«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

Компанияның негізгі қызмет түрі – Нұр-Сұлтан қаласының тұтынушыларын жылу және электр энергиясымен жабдықтау болып табылады. Тұтынушыларға қолайлы болуы үшін «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нде төлем қабылдайтын 8 пункт және Байланыс орталығы жұмыс жасайды. Байланыс орталығы қызметіне электр энергиясы және ыстық сумен қамту есеп құралдарының көрсеткіштерін қабылдау және энергиямен қамтуға қатысты мәселелер бойынша ақпарат беру кіреді.

НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

ЖЭО	Орнатылған электр қуаты, МВт	Орнатылған жылу қуаты, Гкал/с	2009 жылдан бері қондырғылардың жаңартылуы, %	Салынған жылы
Павлодар 3-ЖЭО	555	1 154	91,0	1972
Павлодар 2-ЖЭО	110	332	—	1961
Екібастұз ЖЭО	12	782	100	1956
Петропавл 2-ЖЭО	541	713	49,7	1961

ЭЛЕКТР БЕРУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ, КМ

ЭБЖ типтері	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	14,3	84,84	—
110 кВ	2 798,0	1 327,14	2 505,345
35 кВ	2 395,5	2 849,43	5 176,397
6-10 кВ	5 721,3	4 489,92	7 351,216
0,4 кВ	4 429,6	4 470,49	5 752,515

ШАҒЫН СТАНЦИЯЛАРДЫҢ ТИПІ БОЙЫНША САНЫ

Шағын станциялар типі	«Павлодар ЭТК» АҚ	«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ	«Ақмола ЭҮК» АҚ
220 кВ	4	—	2
110 кВ	74	37	50
35 кВ	102	121	193
6-10 кВ	3 585	2 234	3 360

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ, КМ

Қала	Барлығы, км
Павлодар	420
Екібастұз	342
Петропавл	234

ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ САНЫ

Өңір	Электр энергиясы	Жылу энергиясы
Павлодар облысы	224 675	169 312
Солтүстік Қазақстан облысы	163 795	73 629t
Ақмола облысы	122 120	—
Нұр-Сұлтан қ.	288 568	267 822

2016–2020 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР

Корпорация стратегиясы бизнес дамуының негізгі бағыттарын, басқарушылық жобаларды және технологияларды айқындайды. «ОАЭК» АҚ стратегиялық мақсаты – электр және жылу энергиясымен қамту сферасында өндіріс, тарату, беру және кепілді өткізу ағындарының синергиясы жолымен тұтынушыларға үздіксіз әрі сенімді қызмет көрсететін вертикалды түрде біріктірілген жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

Стратегия төрт бағыт бойынша шараларды орындауды қарастырады:

1. Кепілді өткізуге ие және төмен тәуекелді нарықты мақсатты түрде кеңейту:

- Корпорация кәсіпорындары қызметінің географиясын кеңейту;
- энергия өндіру мен берудің жаңа нарығына шығу бойынша өсім жобаларын жүзеге асыру.

2. Өндірістің техникалық деңгейін көтеру және негізгі өндірістік қорлар мен инфрақұрылымды жаңалау есебінен өндірістік тиімділікті арттыру:

- инвестициялық бағдарламалар жүргізу, апаттылық қауіп-қатерлерін төмендету және жұмыссыз тұрып қалуға жол бермеу үшін электр өндіретін нысандардағы жабдықтарды қайта жарақтау және жаңарту;
- жылу және электр энергиясы бірліктерін өндіруге жұмсалатын меншікті шығындарды төмендету;
- жылу және электр энергияларын тасымалдау кезінде нормативтен тыс шығындарды төмендету;
- энергияны өндіру және тасымалдау кезінде үнемдеуші және энергиялық тұрғыдан тиімді технологияларды енгізу;
- тиімді экологиялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру.

3. Инновациялық бағыттарды салмақты дамыту есебінен перспективалық жобаларды енгізу, «жасыл» технологиялардың дамуына ықпал ету.

4. Кадр құрамын өндірістік сектор мен кәсіпорындарды басқаруда

«ОАЭК» БЕЛСЕНДІ ҚЫЗМЕТІН ЖАЛҒАСТЫРАДЫ

ТҰРҒАНОВ ДҮЙСЕНБАЙ НҰРБАЙҰЛЫ,

«ОАЭК» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ

— Қазақстан энергетикасының дамуындағы негізгі тенденциялар қандай?

— 2009-2015 жылдар аралығында жүргізілген шекті тарифтер бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсетіп, Қазақстанның энергиялық қауіпсіздігін арттырды. Қазір энергетика саласы Еуразиялық электроэнергетика нарығына кіру қарсаңында тұр. Сондай-ақ, Қазақстанда қуаттылық нарығы белсенді түрде енгізілуде. «ОАЭК» саланы дамытудың барлық процестеріне белсенді қатысуда.

— Қазақстанда ЖЭО-нда жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажеттілігі бар ма?

— Иә, әлбетте. Қазақстандағы электр станцияларының шамамен 39%-ы 1980 жылға дейін бой көтерген, 2016 жылы бу турбиналарының 42%-ы өзінің жоспарлы пайдалану мерзімінен өтіп кетті. Бұл сан жаңғырту жұмыстарын жүргізбесе, тек арта бермек. KAZENERGY қауымдастығының 2017 жылғы Ұлттық энергетикалық баяндамасында өндіріс қуаттылықтары елімізде артып келе жатқа-

жаңа тиімді технологияларға оқыту есебінен басқарудың ең үздік стандарттарын енгізу:

- бірыңғай АТ платформада қызметкерлерге қызмет көрсету орталықтарын құру;
- бірыңғай биллинг платформасына көшу;
- экология, қызметкерлердің денсаулығын қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік салалары бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкестіктің сертификатын сақтау;
- өндірістік жарақаттануды төмендету мақсатындағы шараларды өткізу;
- қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту.

2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Инвестициялық бағдарламаны орындау нәтижесінде 2020 жылға қарай өндіріс станциялары қондырғыларының тозуы 80%-дан 56%-ға қысқарады, толықтай жаңартылған өндірістік актив-



тердің үлесі 65%-ды құрайды, ал зиянды шығарылымдардың саны 31%-ға төмендейді.

Инвестициялық бағдарлама аясындағы шаралар үш бағытқа ие: өндірісті арттыру; беру кезіндегі электр және жылу энергиясы шығындарын төмендетуді қоса алғандағы энергоүнемділік; өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту. «ОАЭК» АҚ-нда электр және жылу энергиясын тасымалдау кезіндегі шығындары төмендету, сондай-ақ, тұтынушыларды аталған энергия түрлерімен қамтамасыз ету сенімділігін арттыру бойынша кешенді шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. 2009-2020 жылдары желілердегі шығындарды келесі көрсеткіштерге дейін төмендету жоспарланып отыр: электр энергиясы бойынша 3,6%-ға (нормативтен тыс шығындар 2014 жылы толықтай жойылды), жылу энергиясы бойынша - 7,0%.



Негізгі қондырғыларды жаңғырту және ауыстыру жұмыстарын жүргізу есебінен жоспарлы өсім келесі көрсеткіштерді құрайды:

- орнатылған электр қуаты бойынша – 288 МВт немесе 31,0 %;
- орнатылған жылу қуаты бойынша – 210 Гкал/с немесе 7,6 %;
- электр энергиясын өндіру бойынша – 2 000 млн кВт-с-тан астам немесе 38,2 %;
- жылу энергиясын босату бойынша – 700 мың Гкал-дан астам немесе 12 %.

нына қарамастан, олар негізінен кеңестік ескі технологияларға негізделетіні айтылған. Қуаттылықтар паркі ескіру үстінде, оны міндетті түрде жаңғыртып, қондырғыларын жаңарту қажет.

— Компанияның келесі жылға жоспарлары қандай?


— 2019 жылы «ОАЭК» АҚ жаңғырту бағдарламасын жалғастыруға 14,5 млрд теңге жұмсауды жоспарлап отыр. Өңірлердегі еншілес компаниялар Қазақстан тұтынушыларын үздіксіз электр және жылумен қамтуды қамтамасыз ету үшін кәсіпорындарда өндірістік нысандарды жаңғырту бойынша инвестициялық бағдарламаны орындап, станциялар мен энергоблок-тарды дамыту бойынша өз жұмыстарын жалғастырады. Алайда бағдарламаларды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан энергия өндіруші компаниялардың барлық шығындарын өтейтін тарифтік саясатты қабылдау тұрғысындағы қолдау-көмегі қажет.

НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Қазақстан экономикасы 2018 жылы қолайлы сыртқы экономикалық жағдайларда дамыды. Өнімнің негізгі факторы – мұнай бағасының оң динамикасы болды: 2017 жылмен салыстырғанда ол барреліне 54-тен 71 АҚШ долларына өсіп, 31%-ға артты (орташа спот-баға, US EIA мәліметтері). Сұраныстың өсуі мен ОПЕК+ аясында ірі мұнай тасымалдаушылармен өндіріс квотасы туралы келісім жасау да оң ықпалын тигізді. ҚР-ның негізгі сыртқы сауда серіктестері – РФ экономикасы өсуінің 2,3%-ға дейін жылдамдауы, Қытайда өсімнің жоғарғы қарқынының (6,6%) сақталуы және еуроаймақтың қалыпты өсімі қазақстандық экспорттың бағалық және натуралды көлемде артуына негіз болды.


Қазақстан ІЖӨ динамикасы, %



Дереккөз: ҚРҰЭМ СК

Нәтижесінде Қазақстан ЖІӨ 2018 жылы 4,1%-ға өсті. Өсім экономиканың барлық негізгі секторлары бойынша теңдей бөлінді. Өсімнің қозғалтқыш күші – өнеркәсіп саласы, оның өсімі 4,1% құрады. Ауыл шаруашылығында өнім өндіру 3,4%-ға артса, құрылыс көлемі де 4,1%-ға өсті. Қызмет көрсету секторы 4,0%-ға артты. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі соңғы бес жыл ішіндегі ең жоғарғы көрсеткішке ие болды – 2017 жылғы 5,5%-дан кейін 17%-ды құрады. Бұл ретте жылдық инфля-

2018 жыл нәтижесі бойынша жекелеген экономикалардың ЖІӨ динамикасы



Дереккөз: ҚРҰЭМ СК, Росстат, Бүкіләлемдік банк

ция 7,1-ден 5,3%-ға төмендеді.


Қазақстандық экспорт 26%-ға – 60 млрд АҚШ долларына жоғарылап, бұл сауда балансының жақсаруына және ағымдағы операциялар шоты дефицитінің -5,1 млрд-тан -52 млн АҚШ долларына қысқаруына әкелді. Негативті макроэкономикалық фактор – дамушы нарықтардағы тұрақсыздық, дамушы елдер валюталарына деген сенімнің төмендеуі, сондай-ақ, РФ-на қарсы санкциялар болды. Сыртқы экономикалық қолайлы конъюнктураға қарамастан, теңгенің айырбастау курсы 2017 жылғы бір АҚШ долларына 326 теңгеден 2018 жылы 345 теңгеге түзетілді.

АҚША-КРЕДИТТІК САЯСАТ

ҚР Ұлттық банкінің (ҚР ҰБ) монетарлы саясаты 2018 жылы инфляциялық таргеттеу режимімен қарастырылған шаралар периметрінде қалды. ҚР ҰБ инфляция бойынша мақсатына қол жеткізді: инфляция 2018 жылы 5-7% аралығында болып, 10,25-тен 9,00%-ға дейін үш рет базалық мөлшерлемесін төмендетті. Алайда сыртқы нарықтардағы күшейіп келе жатқан тұрақсыздық себебінен қазанда мөлшерлеме 9,25%-ға арттырылды. Бұл ретте корпоративтік сектордағы қысқа мерзімді кредиттер бойынша мөлшерлеме жыл ішінде шамамен 3 пайыздық пунктке (п.п.) – 15-тен 12%-ға, ұзақмерзімді кредиттер бойынша 17-ден 12%-ға төмендеді.

Банк секторында екі тренд сақталды – санация және концентрация: ҚР ҰБ шешіміне сәйкес, үш банк жұмысын тоқтатты. «Қазақстан Ұлттық банкі» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ банкінің бірігуі аяқталып, барлық банк активтерінің үштен біріне иелік ететін нарық ойыншысы пайда болды.

ҚР ҰБ базалық мөлшерлемелері және ҚР экономикасының несиелу мөлшерлемесі, %




Дереккөз: ҚР ҰБ

— Базалық мөлшерлеме
— Корпсекторға 1 жылға дейінгі теңгелік несие бойынша мөлшерлеме
— Корпсекторға 1 жылдан 5 жылға дейінгі теңгелік несие бойынша мөлшерлеме

ӨНЕРКӘСІП

Өнеркәсіптегі өсімнің жеделдеуі үш факторға байланысты. Мұнай өндірудің 4,8%-ға өсуі (Қашаған кен орнында өндірістің 8,4-тен 13,2 млн тоннаға артуы) тау-кен өндіріс кешені динамикасының жалпы жеделдеуін жылына 4,6%


Өнеркәсіп өндірісі мен энергосектор динамикасы, %



Дереккөз: ҚРҰЭМ СК

— Өнеркәсіп
— Энергосектор


Бөлшек сауда және халықтың нақты табысы динамикасы, %



Дереккөз: ҚРҰЭМ СК

— Бөлшек сауда
— Халықтың нақты табысы

ҚР-дағы инфляция, %



Дереккөз: ҚРҰЭМ СК

— Инфляция
— Тұрғын үй қызметі құнының динамикасы

өсімге жеткізді. Өңдеуші сектор ірі инвестициялық жобалардың аяқталуына және мұнай-химия кешені мен түсті металдар өндірісінде кәсіпорындардың жоспарлы қуаттылыққа шығуына байланысты жылына 4,0%-ға артты.

Энергетика секторындағы (электр және жылу энергетикасы, сондай-ақ, газ тарату) динамика экономикадағы жалпы өсімге, сондай-ақ, өнеркәсіптегі жоғары қарқынға байланысты. Электр энергетикасы 4,1%-ға өссе, жылу энергетикасы 1,5%-ға артты, ал газ секторында төмендеу байқалды (-1,3%). Сумен қамту және кәріз жүйесі секторында -1%-ға дейін аздап төмендеу бар.

2019 ЖЫЛҒА БОЛЖАМ

Инвестициялардың тұрақты түрде артып келе жатқанына қарамастан, 2019 жылы Қазақстан экономикасының өсу динамикасы 4,1-ден 3,8%-ға баяулайды (ҚР Ұлттық экономика министрлігінің болжамы). Халықаралық қаржылық институттар мен рейтинг агенттіктері 3,0-3,5% аралығындағы өсімді болжап отыр. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметіне сәйкес, мұнай өндірісі 2019 жылы 90 млн тоннадан 89 млн тоннаға төмендейді. Бұл ретте мұнай бағасы да төмендемек. Бүкіләлемдік банк мұнай орта есеппен 3%-ға арзандайды деп күтсе, Халықаралық энергетика агенттігі бағаның 14%-ға төмендеп кетуі мүмкін екенін де жоққа шығармайды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың қарқыны 2018 жылғы қалыбын сақтап қала алмауы мүмкін. Экономикадағы жоғары мөлшерлемелер жеке сектордың ШОБ сегментіндегі инвестициялық белсенділігін ұстап тұрады. Тұтынушылық секторға не-

гативті сыртқы инфляциялық фон қысым жасайды.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРҒА ШОЛУ

Қазақстандық электроэнергетикалық сектор 2018 жылы өсуін жалғастырып, өткен кезеңдерде нарық қатысушылары жасаған инвестицияның нәтижесінде өндіріс және электр энергиясын тұтыну максимумын жаңартты. Сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздері өндірісінің өсімі де артты.

2018 жылдың соңында регулятор тарифтік саясатты түзеу туралы шешім қабылдады – 2019 жылдан бастап энергия өндіруші кәсіпорындар үшін жеті жылдық белгіленген тарифтер кезеңі басталады. Нарық құрылымы күрделене түспек: инвестициялық құрамдас бөлігі бар тарифтер механизмінің орнына қуаттылықтар нарығы келеді. 2019 жылғы шілдеден бастап ҚР электр энергиясының жалпы нарығы іске қосылады, бұл Қазақстан электр энергетикасының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

ӨНДІРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУ

2018 жылы ҚР электр энергетикалық секторының өсімі жалғасады: ҚР ҰЭЖ жүйелік операторы KEGOC мәліметінше, ҚР-ның барлық 138 электр станцияларындағы электр энергия өндірісі 4,3%-ға артып, 106,8 млрд кВт·с-қа жетті.

Энергия көздеріне бөлгендегі өндіріс құрылымы аса өзгеріске ұшырамаған: 10 киловатт энергияның шамамен 8-і көмір электр станцияларында өндіріледі, ЖЭК артып келе жатқанына қарамастан, энергобаланстағы үлесі тым аз.


Энергия көздеріне бөлгендегі электр энергия өндірісі, млн кВт·с

	2017	2018	Өзгеріс, %	2018 жылғы үлесі, %
ЖЭС	82,420	86,795	5 %	81,3 %
ГТЭС	7,410	9,119	23 %	8,5 %
ГЭС	11,610	10,343	-11 %	9,7 %
ЖЭК	428	540	26 %	0,5 %

Дереккөз: KEGOC, ЭҚНҚО

Электр энергиясының 96 %-дан астамы ел ішінде тұтынылады. Қазақстан таза экспорттер болып табылады: РФ-на кері сальдо (таза экспорт) 2018 жылы 3,6 млрд кВт·с (2017 жылмен салыстырғанда -21 %) құраса, Орталық Азия елдеріне – 2,8 млн кВт·с (2017 жылы импорт экспорттан 1,2 млн кВт·с-қа артық болды).


ҚР-дағы электр энергиясы өндірісі және Қазақстан БЭЖ-не ағын сальдосы, млрд кВт·с



Дереккөз: KEGOC

Өндіріс
Ағын сальдосы (оң бағана)

ҚР-да электр энергиясын тұтыну, млрд кВт·с



Дереккөз: ЭҚНЖО

Батыс аумақ
Оңтүстік аумақ
Солтүстік аумақ

ҚР энергожүйесі үш аумаққа бөлінген: солтүстік, оңтүстік және батыс аумақтар. Энергияны көп тұтынатын өнеркәсіпті өңірлер кіретін солтүстік аумақта электр энергиясының 2/3 бөлігі (66 %) өндіріледі, ол – энергопрофицитті аумақ. Оңтүстік (21 %) және

батыс аумақтар (13 %) – энергодефицитті аумақтар, жетіспейтін энергия көлемін олар магистральді ЭБЖ-нен (Солтүстік – Оңтүстік, Солтүстік – Шығыс – Оңтүстік, Солтүстік – Батыс) немесе шекаралас елдердің көршілес өңірлерінен – РФ-нан (батыс аумақ), Өзбекстаннан (Орталық Азия) алады.

2018 жылы тұтынудың өсімі 5,3 % (103,0 млрд кВт·с-қа дейін) құрап, барлық үш аумақта байқалды. Солтүстік аумақта ірі тұтынушылар – Ақсу ферроқорытпа зауыты, Қазақстан электролиз зауыты, ССПО, Өскемен титан-магний комбинаты және «Қазцинк» кәсіпорындары тарапынан сұраныстың артуы есебінен 4,6 %-ға өсті. Оңтүстік аумақта «Қазфосфат» арқасында тұтыну 6,2 %-ға артты. Ақтөбе ферроқорытпа зауыты мен Атырау МӨЗ және өзге ірі кәсіпорындардағы өндірістің артуы батыс аумақта тұтынуудың 7,6 %-ға артуына серпін берді.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстан электр станцияларының жалпы орнатылған қуаты 21 902 МВт болса, иеліктегі қуаты – 18 895 МВт. 2018 жылы жылдық максимум 14 823 МВт (2017 жылмен салыстырғанда 4,4 %-ға жоғарылады) деңгейінде болғанын ескерсек, ҚР-да бұрынғыша иеліктегі қуаттың профициті 22 % деңгейінде белгіленеді.

Электр энергиясы өндірісі сегментінде мемлекеттің қатысуы бар бір ірі ойыншы және бірнеше


жеке компаниялар бар. «Самұрық-Энерго» АҚ (Екібастұз 1-МАЭС және 2-МАЭС, АлЭС, Мойнақ СЭС және басқалар) үлесіне ҚР-дағы барлық өндірістің 30 %-ы тиесілі. ERG қарамағындағы станциялар үлесі – 16 %, «ОАЭК» АҚ – 7 %, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» – 4 %.

Жекелеген станцияларда жыл қорытындысында айтарлықтай өсім байқалды. Мәселен, 1-ЕМАЭС-нда өндіріс жыл ішінде 30 %-ға артса, ЕЭК-нда өсім – 3 %. 1-ЕМАЭС жоғары динамикасына станцияның тек Павлодар облысы тұтынуының өсімін қанағаттандырып және РФ-на электр энергиясын экспорттап қана қоймай, жалпы тұтынымы 1,5 млрд кВт·с-қа артқан елдің оңтүстік өңірлері – Алматы және Жамбыл облысының сұранысын да қанағаттандыруы себеп болды.

ТАРИФ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САЯСАТЫ

2018 жылы электр энергиясының бөлшек тұтыну бағасы электр энергиясы бойынша 1,1 %-ға, жылу энергиясы бойынша 2,6 %-ға артты. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең төмен бағалар. Оның себебі – ҚР билігі 2018 жылдың соңында қолға алған шаралар болып табылады. Кешенді талдау нәтижесінде жылу энергиясы (өңірге байланысты 3-тен 37 %-ға дейін) және электр энергиясы (2-ден 22 %-ға дейін) тарифтері төмендеді.

ҚР жекелеген электр станцияларындағы электр энергия өндірісі, млрд кВт·с



Дереккөз: ЭҚНҚО мәліметтері бойынша есептер

2018
2017

Нәтижесінде ҚР Энергетика министрлігі станциялардың әр тобындағы тарифті 2019 жылғы деңгейде бекітіп, шекті тарифтер бағдарламасын 7 жылға тоқтатуға шешім қабылдады. ҚР Ұлттық экономика министрлігі «стимул беруші тариф қалыптастыру» жүйесіне көшу туралы жария етті. Бұл жүйе бойынша тариф пен субъектінің пайдасы монополистің сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштеріне байланысты болады.

САЛАҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

2018 жылы энергетика секторындағы компаниялардың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 13 %-ға қысқарды. Ірі инвестициялық бағдарламалардың аяқталуы, өндіріс қуаттылықтарының профицитін сақтау, тарифтерді төмендету не тоқтатудан пайда болған кері ықпал – осы жағдайлар жалпы капиталдық шығындардың төмендеуіне әкелді. Секторға салынған шетелдік инвестиция жылдам өсім берді (2017 жылы 7 мәртеден көп).


Салаға салынған инвестициялардың артуына себеп бірнеше фактор бар: қуаттылық нарығының іске қосылуы және қолданыстағы нысандардағы операциялық тиімділіктің артуы.

НАРЫҚ ДАМУЫНА БОЛЖАМ

2025 жылға дейінгі болжамға сәйкес, электр энергиясының өндірісі жеті жылдық перспективада 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 40 %-ға (2019 жылы – 11 %-ға) өссе, тұтыну 31 %-ға (2019 жылы – 9 %-ға) артады. Энергобаланстағы ЖЭК үлесі артуын жалғастырып, 2025 жылы 5 %-ға жетеді. Жаңартылатын энергия көздері енді енгізілетін барлық қуаттылықтар құрылымында 25 %-ға жуықтайды.

Жоғарғы шекті электр қысымы болжамды кезеңде 17 093-тен 20 262 МВт-қа артады (+18,5 %). Бұл ретте қуаттылық артықшылығы (резервті есепке алғанда) 2019 жылғы 1 229 МВт-тан 2023 жылы 391 МВт-қа кеміп, 2025 жылы 934 МВт-ты құрайды.


Қазақстандағы электр және жылу энергиясының бөлшек тарифтерінің өсу динамикасы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Жылу энергиясы
Электр энергиясы


Жекелеген энергия өндіруші кәсіпорындарға арналған электр энергиясының шекті тарифтері, 1 кВт·с үшін теңге



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі

Астана-Энергия
Орал МЖЭС
ГРЭС-2
ЕЭК
1-ЕМАЭС
Бұқтарма ГЭК
Севказэнерго
Қарағанды-Энергоорталық
Павлодарэнерго


ҚР-дағы негізгі капиталға салынған инвестиция динамикасы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Энергия секторы
Өнеркәсіп
Жалпы экономика


Қазақстан энергосекторына ТШИ ағыны



*-2018 ЭК қорытындысы бойынша
Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Энергия секторына ТШИ, млн долл.
Жалпы елдік ТШИ ағынының үлесі (оң бағана)

2019-2025 жылғы электр энергиясы нарығының болжамдық балансы, млрд кВт·с



Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі


Жоспардағы басқалар
Жоспардағы ЖЭК
Қолданыстағы станциялар
Артық энергия

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ ӨНДІРІСІ

2018 жылы Корпорация электр энергиясы өндірісін 2017 жылмен салыстырғанда 0,8 %-ға - 7 245 млн кВт·с-қа дейін төмендетуді және жылу энергиясын 2017 жылмен салыстырғанда 2,7 %-ға - 6 306 мың Гкалға дейін арттыруды жоспарлаған болатын. Бұл «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ тұтынушыларына жылу энергиясы көлемін арттыруды жоспарлаумен байланысты еді.

Нақтысында Корпорация өндірісті 2017 жылмен салыстырғанда 3,8 %-ға - 7 026 млн кВт·с-қа дейін төмендетті. Жылу энергиясын босату 2017 жылмен салыстырғанда 11,9 %-ға - 6 874 мың Гкалға дейін артты. Оның себебі 2018 жылғы жылу беру маусымы айларындағы сыртқы ауа температура-сының 2017 жылмен салыстырғанда төмен (-8,2 °C және -5,5 °C тиісінше) болуымен және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ мен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бөлімшелері бойынша жылу энергиясын тұтыну көлемінің 12,1 %-ға және 11,5 %-ға артуымен байланысты.



	2017	2018
Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с	7 300	7 026
Жылу энергиясын босату, мың Гкал	6 142	6 874



Инвестициялық бағдарлама аясында 2018 жылы Корпорация қондырғыларды жаңғырту бойынша ірі ауқымды шараларды жалғастыруға **Т 21,118** млрд жұмсады. Бұл шаралар электр және жылу энергиясы өндірісін арттыруға, беру кезіндегі шығындарды төмендетуге және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған.

— 2018 жылы Павлодар 3-ЖЭО-нда қандай өзгерістер орын алды?

— Негізгі қондырғыларды жаңғырту жұмыстары жалғасын тауып, станцияда №6 станциялық турбоагрегатты терең қайта құру жұмыстары аяқталды. Оның нәтижесінде жылу электр орталығының жалпы орнатылған қуаты 555 МВт-қа жетті. Турбоагрегатты ауыстыру – біздің Орал турбиналық зауытымен, ЭЛСИБ Новосібір ғылыми-өндірістік бірлестігімен, GERB неміс компаниясымен және «Севказэнергопром» жобалау институтымен бірлесе атқарған жұмысымыздың нәтижесі.

— Жобаның ерекшелігі қандай?

— Жаңа агрегат темірбетон колонналардың үстіне орналасқан 358 тонналық болат рамаға орнатылды. Болат рама мен колонналар арасында GERB фирмасының 12 виброизоляциялары орнатылған. Бұл

2018 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ЖОБАЛАР

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 3-ЖЭО

№6 турбоагрегатты орнатылған электр қуатын 15 МВт-тан 125 МВт-қа арттыра отырып жаңғырту жобасы жүзеге асырылды. Жобаны жүзеге асыру барысында ТМД аумағында алғаш рет виброизоляциялы болат рама негізіндегі іргетас технологиясы қолданылды. №6 турбоагрегат 2018 жылғы 6 қарашада пайдалануға берілді.

№2 түтін тұрбасының құрылысы басталды. Іргетасты қалау жұмы-

стары атқарылды. Күл үйіндісінің 3-кезек құрылысы бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл – күл-қож қалдықтарын 10,5 жылға дейін қоймалауға мүмкіндік беретін, станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралардың бірі.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ПАВЛОДАР 2-ЖЭО

Отын-транспорт цехін жаңғырту бойынша шаралар орындалды.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕКІБАСТҮЗ ЖЭО

Түз көлінің табанында Екібастұз ЖЭО күл үйіндісінің 2-кезегін салу жұмыстары жалғасуда.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ПЕТРОПАВЛ 2-ЖЭО

№7 автотрансформаторды ауыстыру жұмыстары жүзеге асырылды.

№2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету бойынша жұмыстар басталды. Бұл – күл-қож қалдықтарын 7 жылға дейін қоймалауға мүмкіндік беретін, станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ететін шаралардың бірі.

Петропавл 2-ЖЭО жылу қуатын беру сызбасын қайта құру бойынша шараларды жүзеге асыру жалғасуда.

« ПАВЛОДАР 3-ЖЭО ТУРБИНАЛЫҚ ЦЕХІ 91%-ҒА ЖАҢАРДЫ

ОЛЕГ ВЛАДИМИРОВИЧ ПЕРФИЛОВ,

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕРДІҢ МҮШЕСІ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ

шешімнің ерекшелігі – мұндай жоба Қазақстан мен ТМД елдерінде әлі жүзеге асырылмаған. Германиялық инженерлердің жетекшілік етуімен 12 виброизоляциялы монтаждау және ретке келтіру жұмыстары жүргізіліп, турбина конденсаторының астына серіппелі элементтер қойылды. Турбоагрегатты монтаждау өте қысқа мерзім – бес жарым ай ішінде аяқталды. Ал нормативті уақыт мерзімі – 12 айды құрайды. 6-турбинадан бөлек, № 1, 2, 4, 5 агрегаттарын жаңғырту және қайта құру жұмыстары жүргізілді.

— 3-ЖЭО-ның 10 жыл ішіндегі жаңалану деңгейі қандай?

— 3-ЖЭО-ның турбиналық цехі 91 % жаңартылып, шығындардың жалпы сомасы 35 млрд теңгені құрады. Мұндай ауқымды жұмыстарды жүргізуге 2009-2015 жылдары әрекет еткен электр энергиясына шекті тарифтер бағдарламасы, сондай-ақ, «ОАЭК» акционерлерінің қолдауы мүмкіндік берді.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

2018 жылы инвестициялық бағдарлама аясында ұзындығы 212,785 км 0,4–10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтау жұмыстары жүзеге асырылды.

«ПАВЛОДАР ЭТК» АҚ

- ӘЖ-35кВ құрылысы – 23 км;
- ЭБЖ 0,4-10 кВ қайта құру – 35,0 км, жалаңаш өткізгішті ӨОС ауыстыру – 22 км;
- ЭКЕАЖ есептегіштерін орнату – 2 928 дана;
- үш шағын станцияны қайта құру:
 - Павлодар қаласында 6 ұяшықта май ажыратқыштарын элегазды ажыратқыштарға ауыстыру;
 - Баянауыл ауданында 2 ұяшықта май ажыратқыштарын элегазды ажыратқыштарға ауыстыру;
 - Екібастұз ауданында 220 кВ секциялық элегазды ажыратқышты монтаждау.
- Павлодар қаласы аумағында заманауи күзет және өрт дабыл қызметі құрылғыларымен жабдықталған құрғақ оқшаулағышы және вакуумды ажыратқыштары бар күш трансформаторлары бар екі модульді трансформатор шағын станциясы орнатылды;
- 5 шағын станцияда 10/0,4 кВ май күш трансформаторлары үлкен қуаттылыққа ауыстырылды;
- Павлодар ТП-2 және Ақсу ТП-1-де 10 кВ жаңа тарату пункттерінің құрылысы жүргізілді;
- 31 өндірістік ғимаратқа қайта құру жұмыстары жүргізілді;
- Павлодар қаласында 110/10 кВ Северная-городская ШС салу, 110/10 кВ Восточная-городская ШС қайта құру, 110/10 кВ Потанино ШС қайта құру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары басталды;
- Павлодар қаласында 110 кВ екі шағын станциясын қайта құру және Қашыр ауданында ӘЖ-35кВ салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленді;
- екі антенна-мачталық ғимарат құрылысы орындалды;
- 5 нысанда өрт-күзет дабыл беру жүйесі монтажданды;
- 47 нысанда өрт-күзет дабыл беру жүйесін монтаждау бойынша ЖСҚ әзірленді;
- радиорелілік байланыстың 11 кешені монтажданды (іске қосу-реттеу жұмыстары келесі жылы жүзеге асырылады);
- 110 кВ шағын станциясында ДБАЖ (диспетчерлік басқарудың автоматтандырылған жүйесі) қондырғысы монтажданды.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭТК» АҚ

- 63,6 км ЭБЖ 0,4-10 кВ қайта құру бойынша шаралар орындалды, оның ішінде ӨОС – 49,505 км;
- 42 км ӘЖ-110 кВ «Советская-Полтавка» өткізгішін ауыстыру орындалды;
- 34 км ӘЖ-110 кВ «Сибирь-Троицкая» газотросын ауыстыру орындалды, сондай-ақ, ӘЖ-110 кВ «Пресновка-Троицкая» – 49 км;
- 1 592 дана ӘЖ-35 кВ «2-ПЖЭО – Тяговая» фарфор оқшаулағышын ауыстыру орындалды, сондай-ақ, ӘЖ-110 кВ «Возвышенка – Қиялы» – 5 625 дана;
- 110/35/10 кВ «Возвышенка» ШС-да май толтырылған кіру нүктесін RIP оқшаулағышты кіру нүктесіне ауыстырып, ТДТН-10000/110 кВА трансформаторына күрделі жөнделу жұмыстары орындалды;
- 3 КТПН 10/0,4 кВ ауыстыру орындалды;
- 22 10/0,4 кВ трансформаторын ауыстыру орындалды;
- 110/10 кВ №6 ШС-да 25 000 кВА кВ күш трансформаторын ауыстыру орындалды;
- 2 РЭС және РПБ ғимараттарын қайта құру орындалды;
- орталық диспетчерлікте SCADA жүйесі базасында ескірген мнемощитті ауыстыру орындалды;
- орталық диспетчерлік қызметтің ғимаратын қайта құру орындалды;
- 1 375 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ РРЭ және 25 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ ОРЭ есептегіштерін орнату орындалды;
- 9 дана 10-110 кВ ШС қайта құру жұмыстары орындалды.

«АҚМОЛА ЭҮК» АҚ

- 77,29 км ӘЖ-35-110 кВ құрылысы орындалды;
- 133,6 км ӘЖ-110 кВ қайта құру орындалды;
- 23,3 км ӘЖ-35 кВ қайта құру орындалды;
- 73,73 км жалаңаш өткізгішті ӨОС өткізгішіне ауыстырып және 22 дана КТПН-10/0,4 кВ ауыстырып, 74,582 км ЭБЖ 0,4-10 кВ қайта құру орындалды;
- 2 310 индукциялық есептегіштерді ЭКЕАЖ орнатылған электронды есептегіштерге ауыстыру орындалды;
- 7 дана 35-220 кВ ШС қайта құру жұмыстары аяқталды.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобында электр энергиясын тасымалдау және беру кезіндегі шығындарды төмендетуге, сондай-ақ, тұтынушыларды қамту сапасын көтеруге арналған жобалар жүзеге асырылды. 2018 жыл қорытындысы бойынша, еншілес ұйымдардағы техникалық шығындар келесі көрсеткіштерге ие болды: «Павлодар ЭТК» АҚ – 8,78 %; «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ – 8,4 %; «Ақмола ЭҮК» АҚ – 4,9 %.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

2018 жылы алдын ала оқшауланған құбырларды пайдалана отырып, ұзындығы 4,462 км жылу құбыр өткізгіштері жүргізілді және қайта құрылды:

Павлодар қ. – **0,357 км**

Екібастұз қ. – **3,845 км**

Петропавл қ. – **0,260 км**

2018 жылы құбыр өткізгіштерінде ППУ қаптамалары қолданыла отырып, ұзындығы 18,441 км жылу оқшаулағышы қалпына келтірілді:

Павлодар қ. – **4,382 км**

Екібастұз қ. – **0,492 км**

Петропавл қ. – **13,567 км**

Петропавлда жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі айтарлықтай технологиялық ақауларға алып келеді. Алайда ППУ-қаптамасын қолдана отырып, жылу желілерін қайта құру жұмыстарының арқасында технологиялық ақаулар саны қысқаруда: 2017 жылы 197 істен шығу дерегі тіркелсе, 2018 жылғы көрсеткіш – 168.

Павлодар мен Екібастұзда құбыр өткізгіштерін жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін жылу шығындарының алдын ала оқшауланған құбыр өткізгішін қолданып, жылу магистралін қайта құру мен салудан жылу энергиясы шығынының 24 429,81 Гкал/жылға және ППУ қаптамасын қолданып, оқшаулағышты ауыстырудан 4 844,35 Гкал/жылға азайы, сондай-ақ, аталған учаскелерде тозудың нольге дейін төмендеуі күтілуде.

Технологиялық ақаулар саны 2016 жылғы 1 067-ден 2018 жылы 1 005-ке дейін қысқарды.

Корпорацияның жылу беруші кәсіпорындарында жылу шығынын автоматты реттегіштер, өнеркәсіптік контроллерлер және механизмдер мен бақылаушы-өлшеуші құралдардың диспетчерлік қызметпен байланысына арналған модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай жүйеге ендірілуде, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті түрде бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

руға, сондай-ақ, желілер арқылы жылу беру кезіндегі шығындардың төмендеуіне байланысты көмірді үнемдеу нәтижесінде CO₂ шығарылымдарын төмендету есебінен экологиялық стандарттарды жақсарту және шығындарды төмендетуге бағытталған.

Жобаны жүзеге асыру аясында алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіші қолданылады. Ол дәстүрлі құбыр өткізгішінен жоғары сенімділігімен, пайдалану мерзімінің 25 жылға дейінгі ұзақтығымен ерекшеленеді. Бағдарлама аясындағы барлық шаралар жүзеге асқанда отын үнемділігі жылына 109 мың тоннаны, ал CO₂ шығарылымдарының



Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларында жылу энергиясы шығындарын төмендету мақсатында 2016-2020 жылдары жалпы бюджеті **₸ 25,95 млрд** болатын бағдарлама жүзеге асырылуда:

- Еуропалық қайта құру және даму банкінің қарызы есебінен – **₸ 9,3 млрд**;
- «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясындағы мемлекет қаржысы – **₸ 9,3 млрд**;
- амортизациялық аударымдар мен компанияның өз қаражаты – **₸ 7,35 млрд**.

Жоба жылумен қамту сенімділігін, энергия қолдану тиімділігін артты-

көлемі жылына 168 мың тоннаны құрайды деп күтілуде.

Бұдан бөлек, Корпорация жылу энергиясы шығындары көздерін анықтау үшін келесі жетекші технологияларды қолданады: магистральді құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалауға арналған тепловизиялық зерттеу құралдары мен ультрадыбыстық дефектоскоптар. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру желілердегі жылу шығындарын 2015 жылмен салыстырғанда 2020 жылдың аяғына қарай 9,1 %-ға қысқартуға мүмкіндік береді.



2019 ЖЫЛЫ ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР

Инвестициялық бағдарлама аясында 2019 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған, қондырғыларды жаңғырту бойынша бірқатар шараларды жалғастыру жоспарланып отыр.

2019 жылы Корпорация тұтынушылардың жылу энергиясын тұтыну көлеміне орай, электр энергиясын өндіруді 2018 жылғы 7 444 млн кВт·с-тан 6,0%-ға және жылу энергиясын босатуды 2018 жылғы 6 059 мың Гкал-дан 11,9%-ға арттыруды жоспарлап отыр.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО-нда жаңа іргетастың вибрациясын бақылау мақсатында №6 турбоагрегаттың жағдайына мониторинг жасау жүйесін енгізу бойынша шараларды орындау жоспарланып отыр.

2019 жылы Павлодар 3-ЖЭО-нда күл үйіндісінің үшінші кезегінің құрылысы жалғасып, ол 2023 жылы аяқталады деп жоспарлануда.

Павлодар 2-ЖЭО-нда станцияның су-химиялық режимінің бұзылуын болдырмау және №2 турбоагрегаттың номиналды электр қысымын алып жүруі үшін №2 турбоагрегат конденсаторын қайта құру жоспарланып отыр.

Екібастұз ЖЭО-нда күл үйіндісін салу жұмыстары жалғасады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда 2019 жылы №2 күл үйіндісінің №3 карта бөгетін биіктеу жұмыстары жалғасын табады. 2019 жылы БАТ автотрансформаторын орнату жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жылу қуатын беру схемасын қайта құру бойынша жұмыстар жалғасады.



2019 жылы Корпорация инвестициялық бағдарлама шараларын жүзеге асыруға 14,5 млрд жұмсауды жоспарлап отыр.

2019 жылы ұзындығы 3,95 км алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін қолданып, жылу құбыр өткізгіштерін салу және қайта құру жоспарлануда, оның ішінде Павлодар қаласы бойынша – 0,250 км, Петропавл қаласы бойынша – 3,7 км. Сондай-ақ, Петропавл қаласында ұзындығы 1,3 км құбыр өткізгішінде ППУ қаптамасын қолданып, оқшаулағышты қалпына келтіру жоспарлануда.

2019 жылы инвестициялық бағдарлама аясында келесі шаралар жоспарланып отыр:

- 172,3 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 46 км, оның 31 км – өздігінен берілетін оқшаулаушы сым, «АЭҮК» АҚ бойынша – 53,48 км, оның 51,87 км – өздігінен берілетін оқшаулаушы сым, «ПЭТК» АҚ бойынша – 72,82 км, оның 61,07 км – өздігінен берілетін оқшаулаушы сым;
- 127,5 км 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, оның ішінде «ПЭТК» АҚ бойынша – 22,1 км, «АЭҮК» АҚ бойынша 54,4 км, «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 51 км;
- 35 кВ және одан жоғары 8 шағын станцияны қайта құру, оның ішінде «ПЭТК» АҚ бойынша – 5, «СҚ ЭТК» АҚ бойынша – 1, «АЭҮК» АҚ бойынша 2 шағын станция.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«ОАЭК» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында 2018 жылы өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты.

ELLIPSE

ABB Ellipse (АСУПФИА Ellipse) жүйесінің базасындағы өндірістік қорлар мен активтерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін дамыту 2018 жылы типтік жұмыстар, шығынданы нормативтері және жөндеудің жекелеген өлшемері каталогын әзірлеуге негізделді. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола ЭҮК» АҚ еншілес ұйымдарында енгізілген жүйе ішкі бақылаудың қуатты құралына айналып, еншілес ұйымдардағы техникалық қызмет көрсету және жөндеу шығындарының тиімділігін бақылауға, олардың шығындарын жоспарлау мен бюджеттеу

уақытын қысқартуға мүмкіндік берді. АСУПФИА Ellipse жөндеу бюджетінің ашық болуын, жабдықтардың жағдайын бағалауды, ресурстарды тиімді жоспарлау мен пайдалануды қамтамасыз етеді.

MOBILITY

2018 жылғы маусымнан бері «Ақмола ЭҮК» АҚ өнеркәсіптік пайдалану сатысындағы Mobility мобильді қосымшасын қолданады. Есептік жылда Mobility қосымшасын «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда тарату аяқталса, 2019 жылдың соңына дейін қосымшаны «Павлодар ЭТК» АҚ-нда енгізу жоспарланып отыр.

АСУПФИА Ellipse жүйесімен толықтай біріктірілген Mobility мобильді қосымшасын әзірлеу және енгізу жұмыс тапсырмаларын қашықтықтан беруге, жабдықтарға инвентаризация және мониторинг жасауға, тарихи, нормативті мәліметтер мен жұмыс тапсырмаларына оперативті қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Mobility жобасы аясында инфрақұрылым нысандарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыру мақсатында нысандар жағдайына мониторинг жасайтын жұмысшыларға арналған мобильді қосымша әзірленді.

ӨТП БАЖ (ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫ)

Тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану кезеңінің сәтті аяқталғанына байланысты 2018 жылғы қарашадан бастап «Ақмола ЭҮК» АҚ, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ, «Павлодар ЭТК» АҚ электр желілік еншілес ұйымдарында электр желілеріне технологиялық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Тұтынушыларға қызмет көрсету циклінің толық әрі ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылдың соңына дейін «Павлодар жылу желілері» ЖШС және «Петропавл жылу желілері» ЖШС еншілес ұйымдарында ӨТП БАЖ енгізу жоспарланып отыр. ӨТП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарып және қатаң регламенттеліп, жаңа тұтынушыларды инфрақұрылым нысандарына қосу процесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

ЭКЕАЖ/ЖКЕАЖ

2018 жылы «ОАЭК» АҚ-нда тұтынушылар мен негізгі инфрақұрылым түйіндерін тұтынушылардың көрсеткіштерін белгілеп қана қоймай, оны қашықтықтан түрлі протокол бойынша электр және жылу энергиясын коммерциялық есепке алудың бірегей автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне бере алатын «интеллектуалды» құралдармен жабдықтау бағдарламасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Есептік жылда «Ақмола ЭҮК» АҚ-нда 6 000-ға жуық, «Павлодар ЭТК» АҚ-нда 1 000-нан астам, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-нда 1 400-ге жуық электр энергиясын есепке алудың жаңа «ақылды» құралдары орнатылды.

84 мың тұтынушы ЭКЕАЖ жүйесімен жабдықталса, бұл олардың жалпы санының 15,7 %-ын құрайды.

ЭКЕАЖ/ЖКЕАЖ жобаларын жүзеге асыру мемлекеттік бағдарламалар мен ТКШ цифрландыру және «ақылды

қалалар» (Қазақстандағы қалалар инфрақұрылымын басқару және мониторинг жасаудың біріктірілген интеллектуалды жүйелері) құру жобаларын жүзеге асыруға қосқан үлес болып табылады.

2018 жылы «Ақмола ЭҮК» АҚ «Smart City» жобасын жүзеге асыру аясында Ақкөл қыстағында 6 000-ға жуық есептегіш пен 83 мәліметтерді жинау және беру құрылғысын (МЖБҚ) орнатты. ЭКЕАЖ арқылы түскен ақпарат өзге көптеген көздердің мәліметтерімен бірге онлайн режимде бірыңғай ақпараттық орталыққа түседі. Жоба аясында құрылған бұл орталық қала әкімшілігіне ағымдағы көрсеткіштерге талдау жасап, ауытқуларды анықтауына және оларға дереу әрекет етуіне мүмкіндік береді. Жобаның нәтижелері Қазақстан Республикасы Президентіне сәтті таныстырылды.



ЖКЕАЖ

2018 жылы «Жылу энергиясын бақылау және есептеудің автоматтандырылған жүйесі» жобасын жүзеге асыру жалғасын тапты. 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 102 жылуды есепке алу құралы орнатылды. ЖКЕАЖ тұтынуды бақылау және тұтынылған жылу энергиясына төлем жасауда кешігуді төмендету мақсатында жылу энергиясын есепке алу бойынша мәліметтерді жинау оперативтілігін арттырады. Жүйе жылу шығындары мен есепсіз тұтыну деректерін жедел анықтауға мүмкіндік беріп, оларды болдырмау және коммуналдық-тұрмыстық секторда жылу энергиясын үнемдеуге жағдай жасайды.



БИЛЛИНГ

«Астанаэнергосбыт» ЖШС-нде бірыңғай корпоративтік биллинг жүйесін енгізу 2018 жылы электр және жылу энергиясын есепке алу блогында толықтай аяқталды.

«Павлодар ЭТК» АҚ және «Павлодар жылу желілері» ЖШС-нде энергия беруші компаниялардың мәліметтерді енгізу (есеп құралдарын (ЕҚ) орнату/ажырату, ЕҚ көрсеткіштерін енгізу, ЕҚ-сыз есептеу, бұзушылық акттерін есептеу, жылу камераларын ажырату/қосу және басқалар) және тұтынушылар санына шаққандағы энерготұтыну көлемін анықтау функционалдары жүзеге асырылды.

«ОАЭК» АҚ-ның барлық еншілес өткізуші кәсіпорындары бойынша есептеуде қолданылатын жылу және электр энергиясы алгоритмдерді, сондай-ақ, есептік және баспа формаларын бірдейлендіру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жобаны жүзеге асырудың келесі кезеңдерінде жүйе «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола ЭҮК» АҚ-нда енгізіледі. «ОАЭК» АҚ-ның барлық еншілес ұйымдарында бірыңғай биллингтік жүйеге көшу жылу және электр энергиясын автоматтандырып және бірдейлендіріп қана қоймай, тұтынылған электр және жылу энергиясының нақты құнын оперативті есептеу есебінен тұтынушылармен жұмысты жақсартуға, жеке кабинет арқылы ақпарат алып, қашықтықтан қызмет көрсетуге жағдай жасауға мүмкіндік береді.



2018 жылы «Астанаэнергосбыт» ЖШС базасында «КПК Биллинг» (коммерциялық есеп құралдары көрсеткіштерін алу жұмыстарын жүргізу кезінде өтініштерді басқаруға және мәліметтерді автоматты түрде беруге арналған қалтаға салынатын персоналды компьютер) жобасын сәтті жүзеге асырды. «КПК Биллинг» есеп құралдары көрсеткіштерін бегілеп, суретке түсіріп, оларды қашықтықтан биллинг жүйесіне жіберуге мүмкіндік береді. Жүйеде есептік айдағы көлемді автоматты түрде анықтау және алынған мәліметтерді верификациялау мүмкіндіктері қарастырылған.

1С:ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУ

2018 жылы холдингінің барлық еншілес компанияларында «1С: өндірістік кәсіпорынды басқару» бірыңғай ақпараттық жүйесін енгізу сәтті аяқталып, бұл холдингі бухгалтерлік, кадрлық және салықтық есептің негізгі бизнес-процестерін көрсететін бірыңғай ақпараттық кеңістік құруға мүмкіндік берді.

2019 жылы «1С:ӨКБ» АЖ-де бюджетті жоспарлау және бақылау, ақша ағындарын басқару процестері функционалдарын әзірлеу және жүзеге асыру жоспарланып отыр.

«ТЕЗИС» ҚҰЖАТТАРДЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

2018 жылдың соңына қарай холдингке қарасты барлық ұйымдарда «ТЕЗИС» (СЭД «Тезис») электронды құжат айналымы жүйесін енгізу аяқталып, бұл құжат айналымының негізгі процестері – іс қағаздарын, құжаттарды басқаруды, тапсырмалар беру мен олардың қадағалануын автоматтандыруға мүмкіндік берді. СЭД «Тезис» жүйесін енгізу кезең-кезең бойынша жүзеге асырылып, еншілес ұйымдардың ерекшеліктері мен құрылымы ескерілді.

СЭД «Тезис» жүйесін енгізудің стратегиялық артықшылығы – құжат айналымының стандартталуы, бизнес-процестердің айтарлықтай оңтайландырылуы, басқарушылық шешімдерді қабылдау мерзімдерінің қысқаруы, ұйымды басқару ісінің жақсаруы болып табылады.

СЭД «Тезис» «ОАЭК» АҚ-на өзге жұмыс процестерін автоматтандыруға ыңғайлы платформа ұсынады. Атап айтқанда, 2018 жылы сатып алуға өтініш беру және мақұлдау процесі автоматтандырылды.

ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

- Тұтынушыларға толықтай және ашық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында 2019 жыл соңына дейін «Павлодар жылу желілері» ЖШС және «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде ӨТП БАЖ енгізу;
- 2019 жылдың бірінші жартысында жеке тұлаларға арналған «Биллинг» жобасын аяқтау;
- «1С: УПП» АЖ-де бюджетті жоспарлау және бақылау, ақша ағындарын басқару процестерін әзірлеу және жүзеге асыру;
- 2019 жыл ішінде СЭД «Тезис» жүйесін жетілдіруді жалғастыру және қаржылық, сервистік, кадрлық және өзге бизнес процестерді енгізу.

ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАРДЫҢ 2018 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ БОЙЫНША ШАРАЛАР

- 2018 жылғы 14 наурызда «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің көшпелі жиынының аясында Мемлекеттік қызмет істері және корпорацияға қарсы әрекет агенттігінің төрағасы А.Шпекбаев пен бас қаланың әкімі Ә.Исекешов «Астанаэнергосбыт» ЖШС жаңаланған орталық кеңсесінде болды. Кеңседе қонақтарға тұтынушылармен жұмысты жақсартуға бағытталған келесідей өзгерістер таныстырылды: мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандус пен қызметкерді шақыру батырмасы, қызмет көрсету орталығының кіреберісіндегі тактильді едентақтай, ресепшендегі пиктограмма, сондай-ақ, айтарлықтай кеңейтілген күту залы. Шенеуніктер компания жұмысымен танысып, «Астанаэнергосбыт» ЖШС-нің өзге кеңселеріндегі қызмет көрсету орталықтарының жұмысын жақсарту мәселелерін талқылады.
- 2018 жылғы қыркүйектен бастап «АЭҮК-Энергосбыт» ЖШС электр энергиясын тұтынушылар (жеке тұлғалар) үшін «АЭҮК» АҚ сайтында «Жеке кабинет» ашылды. Ол тұтыну лимитін қарауға, электр энергиясы есеп құралдарының ағымдағы көрсеткіштерін тұтынушының енгізуін жүзеге асыруға, түбіртеккі баспаға шығаруға, жеке шот бойынша есептерді көруге, төлем жасауға және т.б. мүмкіндік береді.
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директорының бастамасымен тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ведомствоаралық комиссия құрылып, оған «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының өкілдері, мемлекеттік органдар мен Петропавл қаласының қоғамдық ұйымдарының өкілдері енді. Алғашқы кездесу 2018 жылғы желтоқ-



санда болып, оның барысында жеткізушілер арасындағы тұтынушыларды энергиямен қамту қызметтері, тұрғындарды энергиямен қамтуды ұйымдастырумен байланысты процедураларды жеңілдету, сондай-ақ, энергетикалық компания қызметтерінің оперативтілігі мен қолжетімділігін арттыру мәселелері қарастырылды. Ведомствоаралық комиссияның отырыстары тұрақты түрде өткізіледі.

- 2018 жылғы қарашада «Астанаэнергосбыт» ЖШС қызмет көрсету орталықтарына ребрендинг жасау бойынша жұмыстар аясында «Аңсар» бизнес орталығы ғимаратындағы Қызмет көрсету орталығының жаңа орны таныстырылды. Орталықтың аумағы екі есе – 440 м²-ге кеңейген.
- 2018 жылғы желтоқсанда қалалық әкімдіктің «Open Pavlodar» жобасы аясында Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25 мекенжайындағы мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша бірыңғай кеңсесінде «Павлодарэнергосбыт» ЖШС

сервистік пункті ашылды. Бұл жерде келушілер төлем жасап, энергиямен қамту мәселелері бойынша кеңестер алып, электр және жылу желілеріне қосылу үшін техникалық шарт алуға құжаттар өткізіп, электр және жылумен қамту шарттарын жасауға құжаттар тапсыра алады.

- «Севказэнергосбыт» ЖШС «City Mall» сауда-ойын-сауық орталығында коммуналдық қызметтер төлемін қабылдау пунктін ашып, ол қолданыстағы қызмет көрсету орталықтарына түсетін қысымды азайтып, қаланың шалғай аудандарын қамтыды.
- «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Павлодарэнергосбыт» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС қызмет көрсету орталықтарында тұтынушыларға арналған қызмет көрсету сапасын бағалауға мүмкіндік беретін батырмалар орналастырылды. Сондай-ақ, кезекті электронды реттеу жүйесі енгізілді.

**ТҰТЫНУШЫЛАР АРАСЫНДА
ЫНТАЛАНДЫРУДЫ АРТТЫРУ**

- Холдингтің барлық өткізуші компаниялары бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді жұмыс жүргізіп, дебиторлармен жұмыс, тарифтер туралы ақпаратты, тұтынушыларға арналған хабарландыруларды жариялап тұрады.
- Холдингтің өткізуші компанияларының барлық учаскелерінде ақпараттық стендтер орнатылған. Стендтердегі Типтік шарттарға сәйкес энергия төлемдерінің мерзімдері, уақытылы төленбеген жағдайдағы жауапкершілік және төлем жасаудың тәсілдері туралы ақпарат тұрақты түрде жаңартылып тұрады.
- Тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Тұтынушылармен дебиторлық қарызды төмендету бойынша жоспарлы жұмыс жүргізу аясында «Павлодарэнергосбыт» ЖШС Павлодар облысының бірнеше ауданында дебиторлық қарызды төмендету бойынша ақпараттық түсірілім түріндегі новаторлық енгізілді.
- Электр және жылу энергиясына қарызы бар тұтынушыларға қарызды бөліп төлеу графигін жасау ұсынылады. 2018 жылы осындай тәсілмен қарызды өтеу туралы мыңнан астам келісім жасалды.



2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

Бірыңғай есеп орталығын одан ары кеңейту:

- «Павлодарэнергосбыт» ЖШС базасында шоғырландырылған төлем жүйесінің аясында коммуналдық кәсіпорындар, кондоминиум нысандарын басқару органдары және Павлодар облысы

тұтынушыларына сервистік қызмет көрсететін өзге ұйымдар әріптестікке шақырылуда.

- «Севказэнергосбыт» ЖШС «Қазақтелеком» АҚ-мен жұмысты жалғастырып, облыс аудандарында тұратын тұтынушыларға байланыс қызметін, сондай-ақ, қала мен облыс аудандарының өзге коммуналдық қызметтерін

(қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, домофон, кабельді телевидение, лифтке қызмет көрсету) бірыңғай төлем құжатына қосуды жоспарлап отыр.

«Павлодарэнергосбыт» ЖШС және «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде жаңа «1С Биллинг» БҚ өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарланып отыр. Бұл электр және жылу энергиясы есебін бірыңғайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді.

«Севказэнергосбыт» ЖШС ведомствоаралық комиссия енгізген ұсыныстарды орындау аясында қызмет көрсету орталығында коммуналдық төлем қабылдау бойынша қосымша терезелерді ашуды жоспарлап отыр.



**“ БІЗДІҢ БАСТЫ БАҒЫТ –
ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ
ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ**

**ОРАЛ БАҒДАТ ЕРКЕБҰЛАНҰЛЫ,
«ОАЭК» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЭНЕРГИЯ
ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ**



— 2018 жылғы басты нәтижелер қандай?

— «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының өткізуші кәсіпорындары өткізген электр энергиясының көлемі 2018 жылы 4 499,7 млн кВт-с-ты құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 9 % өсім көрсетті. Жылу энергиясын өткізу көлемі 2018 жылы 12 627 мың Гкал болды. Өткен жылмен салыстырғандағы өсім - 16 %.

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы бойынша электр энергиясы бойынша тұтынушылар саны 2018 жылы 799 158 тұтынушыны құраса, жылу энергиясы бойынша 510 763 болды. 2017 жылмен салыстырғанда тұтынушылар саны 4 %-ға артқан. Есептік жылы біз тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша бірқатар шараларды жүзеге асырдық.

— Өткізуші компаниялар өз жұмысында қандай стандарттарға сүйенеді?

— Тұтынушылар мен өзге мүдделі тараптарың талаптарын қанағаттандыру арқылы компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету, электр және жылу энергиясын сату бойынша қызмет көрсетудің жоғары сапасына қол жеткізу, барлық мүдделі тараптарға ашықтық пен ақпараттың қолжетімділігін сақтау.

Кәсіпорынның инвестициялық тартымдылығын арттыру және тұтынушылардың «ОАЭК» холдингіне қарасты энергиямен қамтушы ұйымдардың қызметіне көзқарасын жақсарту мақсатында кәсіпорындарда халықаралық ISO 9001 стандартының талаптарына сәйкес, сапа менеджменті жүйесін енгізіп, мерзіміне сәйкес сертификаттап тұру туралы шешім қабылданды. «Астанаэнергосбыт» ЖШС, «Севказэнергосбыт» ЖШС және «Павлодарэнергосбыт» ЖШС өткізуші компаниялары «Жылу және электр энергиясын жүзеге асыру бойынша қызмет көрсету» қызмет саласында ISO 9001:2015 стандарты бойынша сертификаттаудан өтті. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ

КРІ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛДІ

2018 жыл ішінде Компаниялар тобында сатып алу қызметін, КРІ бағалау жүйесін, жеткізушілердің біліктілігін басқарудың тиімді жүйесін енгізу және ашықтығын арттыру, сондай-ақ, сатып алулар бойынша ішкі нормативті құжаттарды актуалдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді.

Есептік жылда 1 901 шарт жасалса, резиденті бар шарттар үлесі - 85 %. ТМҚ бюджетінің жалпы сомасы 2018 жылы 10 млрд теңгеден астам болды. Есептік кезең қорытындысы бойынша келесі міндеттер орындалды:

- Сатып алулардың жылдық жоспары орындалды;
- КРІ бағалау жүйесі енгізілді;

- жеткізушілерді біліктілік алды іріктеу жүйесі енгізілді;
- процестер қайта қаралып, сатып алулар бойынша ішкі нормативтік құжаттар бекітілді;
- «Tezis» электронды құжат айналымы жүйесі енгізілді;
- Сатып алулар қызметі бойынша ұйымдық құрылым бекітілді.

САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАР:

- сатып алудың жылдық жоспарын бекіту;
- СЭД «Tezis» арқылы «Сатып алуға өтініш беру» блогын енгізу.
- Жеткізілімдер мен төлемдер бойынша есептілік формаларын әзірлеу.

“ БІЗДІҢ МІНДЕТ – САТЫП АЛУАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ТИІМДІЛІГІ

НИГАЙ АЛЕКСАНДР ДАНИЛОВИЧ,
«ОАЭК» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША ОРЫНБАСАРЫ

— «ОАЭК» компаниялар тобының алдында сатып алулар саласында қандай міндеттер тұр?

— Тиімді сатып алулар қызметін құру – Корпорацияның операциялық қызмет деңгейін арттыру аясындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. «ОАЭК» компаниялар тобының сатып алулар саласындағы маңызды басымдықтарына тендер өткізу кезіндегі ашықтықты қамтамасыз ету, максималды экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кешігулерді қысқартуға қол жеткізу үшін сатып алулар қатысушылар санын арттыру жатады.

— Сатып алулар саласында қандай принциптер маңызды?

— Әрине, бұл – барлық қатысушыларға тең мүмкіндіктер ұсыну болып табылады. Тендер өткізу барысында біз жеңімпазды әділ және объективті таңдауға және тендерлік құжаттама аясында компанияға тиімді ұсынысты қабылдауға ұмтыламыз. Бұл ретте тендер процедураларын бастау уақытын сапалы жоспарлау мен олардың тиімді және уақытылы өткізілуі үлкен роль ойнайды. Біз жеткізуші туралы ақпаратты тендерлік құжаттамада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкес жан-жақты тексереміз. Коррупция тәуекелдерін төмендету үшін Компаниялар тобында коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет бойынша саясат жүзеге асырылады. Бұл құжатпен барлық жеткізушілер танысуға міндетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Корпорацияның 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді және еншілес кәсіпорындардың сатып алынған уақытынан бергі қаржылық есептіліктерінен тұрады. Есеп саясатының принциптері Корпорация кәсіпорындарының бәріне бірегей. Корпорацияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Корпорацияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2018 жыл қорытындысы бойынша, Корпорация жалпы сомасы

143 880 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2017 жылғы сәйкес көрсеткіштен 12 228 млн теңгеге немесе 9,3 %-ға жоғары. Оның ішінде электр энергиясын беруден түсетін табыс 3 608 млн теңге немесе 3,67 %-ға, ал жылу энергиясын беруден түсетін табыс 8 623 млн теңге не 26 %-ға артса, өзге негізгі қызмет табысы 2,01 млн теңгеге немесе 2,75 %-ға төмендеді.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2018 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- электр энергиясын өткізу көлемі 2017 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тауарлы босату көлемінің

48 млн кВт·с-қа артуы, оның ішінде «АЭҮК» АҚ бойынша 45 млн кВт·с-қа артуы, сондай-ақ, «ОАЭК» компаниялар тобы бойынша орташа босату тарифінің 3,04 %-ға артуы есебінен электр энергиясын өткізу 2017 жылмен салыстырғанда 2 150 млн теңге немесе 2,72 %-ға артты;

- Электр энергиясын беру табысы «АЭҮК» АҚ бойынша электр энергиясын беру тарифінің 5,6 %-ға өсуі (4,27 тг/кВт·с-тан 4,507 теңге/кВт·с-қа), сондай-ақ, «АЭҮК» АҚ желілері бойынша электр энергиясын беру көлемінің 150 млн кВт·с не 7 %-ға артуы есебінен 1 458 млн теңге не 7,5 %-ға көбейді;
- ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ беру көлемінің 5,8 %-ға артуы және тарифтің 16,1 %-ға өсуі себепті жылу энергиясын беру табыстары 1 666 мың теңге не 21,5 %-ға артты;

2016–2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН ТЕҢГЕ

КӨРСЕТКІШТЕР	2016	2017	2018
Негізгі қызмет табыстары	122 123	131 652	143 880
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(93 198)	(100 295)	(114 310)
Жалпы пайда	28 925	31 357	29 571
Кезең шығындары	(9 932)	(11 178)	(12 667)
Операциялық қызметтен түскен пайда	18 993	20 178	16 903
Бір жылғы жалпы EBITDA*	31 263	31 865	29 405
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	25,6 %	24,2 %	20,44 %
Гудвилл құнсыздануынан болған шығындар	—	(737)	—
Курс айырмасынан болған пайда/шығын	404	181	(5 479)
Табыс салығы бойынша шығындар	(3 547)	(3 613)	(2 232)
Бір жылғы таза пайда	11 264	10 639	1 600
Бір жылғы жиынтық табыс	11 264	10 639	1 584
Активтер	287 221	310 023	314 089
Капитал	140 835	149 785	144 665
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	22 620	22 685	21 118

* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

Өткізу айырмасын есепке алғандағы жылу энергиясын өткізу табыстары жылу энергиясын тұтыну көлемінің 1 762 мың Гкал не 16,2 %-ға көбеюі, сондай-ақ, сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасының төмендеуіне байланысты әлеуметтік маңызды нысандарға жылу беру маусымын жоспарлы мерзімінен ерте бастау мен жылу беру маусымын ұзартумен байланысты 6 957 млн теңге не 27,4 %-ға артты.

ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР / ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ


2018 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 114 310 млн теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда өсім 14 015 млн теңге немесе 14 % болды. Ол «Электр энергиясын өткізу бойынша қызметтер», «Сатып алынатын жылу энергиясы», «Отын», «Жылу энергиясын өткізу

бойынша қызметтер», «Еңбекті төлеу», «Жөндеу», «Сатып алынаты электр энергиясы», «Амортизация» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды. Корпорацияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (45,5 %) одан арғы тұтынушыларға өткізумен байланысты қызметті есепке алғанда, сатып алынатын энергия шығындары ие. 2018 жылы аталған шығындар сатып алынатын энергия көлемінің артуына және «KEGOC» АҚ желілері бойынша беру құнының өсуі есебінен 8 498 млн теңге не 19,6 %-ға артты. Жылу энергиясын өндіру көлемінің 1 764 мың Гкал не 16,24 %-ға өсуі «Отын» бабы бойынша табиғи көмір шығындарының 1 887 млн теңге не т/ж жеткізілімін есепке алғанда көмірдің орташа бағасының 9 %-ға өсімі есебінен 10,1 %-ға артуына әсер етті. Бұдан бөлек, бензин, дизель отыны, май және өзге жанар-жағармай бағасы да артты. «Жөндеулер» бабы

бойынша шығындардың 962,5 млн теңгеге өсуі жылға бекітілген тарифтік сметаларға сәйкес жөндеулер көлемінің артуымен байланысты орын алды. Жыл сайынғы индексация және қызметкерлер санының артуы есебінен еңбекті төлеу бойынша шығындар 1 289 млн теңге не 12 %-ға артады. Амортизациялық аударымдар 2018 жылы 21 118 млн теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 412 млн теңге не 4 %-ға жоғарылады.

ЖАЛПЫ ЕБИТДА ДИНАМИКАСЫ


2018 жылғы ЕБИТДА көрсеткіші, курстық айырмашылық шығынын есепке алмағанда, 29 405 млн теңгені құрады, 2017 жылмен салыстырғанда өсім 2 460 млн теңге немесе 7,7 % құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші төмендеуінің негізгі факторлары – жалпы пайданың 1 786 млн теңгеге төмендеуі және кезең шғындарының 1 489 млн теңгеге артуы болып табылады.



еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша әлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды. Корпорацияның 2018 жылғы операциялық ЕБИТДА 28 728 млн теңге құрап, 2017 жылмен салыстырғанда төмендеу 2 777 млн теңге немесе 9,66 % құрады. Операциялық ЕБИТДА көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (20 006 млн теңге) болып табылады, мұнда 2017 жылмен салыстырғанда аталған қызмет

түрі бойынша өзіндік құнның артуы есебінен 8,1 %-ға төмендеу байқалды. «Электр энергиясын беру және тарату» сегменті бойынша электр энергиясын беру көлемінің 46 млн кВт.с-қа төмендеуі және өзіндік құнның өсуіне байланысты 2 132 млн теңгеге төмендеу орын алды. «Жылу энергиясын беру және тарату» сегменті бойынша ЕБИТДА көрсеткіші жылу энергиясын беру тарифінің артуына байланысты 928 млн теңгеге төмендеді. «Электр және жылу энергиясын өткізу» сегменті бойынша ЕБИТДА көрсеткіші 765 млн теңгеге төмендеді.

Корпорация өндірістік қызметін бағалауда операциялық ЕБИТДА көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш – Корпорацияның базалық өндірістік қызметіне әсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті,



“ НӘТИЖЕЛІЛІКТІ МАҚСАТ ЕТЕМІЗ

ЯЗОВСКАЯ АЛЛА АНАТОЛЬЕВНА,
«ОАЭК» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ ОРЫНБАСАРЫ

— Қаржылық блок алдында қандай негізгі міндеттер тұр?

— Біздің қызмет стратегиялық қызмет болып табылады. Қаржылық блок саланың қысқа және орта мерзімдік перспективадағы дамуын зерттейді. Бұл компанияның нарықтағы орнын, заманауи жағдайдағы қызмет ерекшеліктерін аңғаруға мүмкіндік береді. Бұдан операциялық шығындарды бақылау, дебиторлық қарыз мәселелерін қарау, еншілес ұйымдар мен «ОАЭК» бас кеңсесінде қаржылық жоспарлау және болжам жасау сынды міндеттер туындайды. Соңдай-ақ, біз берілген тарифтер аясында бюджеттеуге белсенді түрде қатысамыз.

Барлық холдингтердегідей, қаржыгерлер автоматтандыру, тиімді құжат айналымын енгізу мен бизнес-процестерді жақсартуға аса көңіл бөледі. Қолданыстағы технологиялар қатарында Ellipse 8 жүйесі базасында өндірістік қорлар мен активтерді басқарудың автоматтанды-

рылған жүйесі бар. Мәселен, жүйе техникалық қызмет көрсету, жоспар негізіндегі жөндеу жұмыстарына бюджетті қалыптастырады. Барлық жұмыс жабдықтарға қызмет көрсету стратегиясы мен онымен байланысты материалдар және бөлшектерді жеткізу графигіне сәйкес жүргізіледі. Нәтижесінде бұл жөндеу шығындары мен активтерді басқаруды оңтайландырады.

— Қандай жобалар сіздің есіңізде ерекше сақталып қалды?

— Мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобаларына қатысудың холдинг үшін маңызы зор болды. Мәселен, «Нұрлы жол» аясында холдинг 2016 жылы Павлодар, Екібастұз және Петропавл қалаларындағы орталықтандырылған жылумен қамту жүйелерін жаңғырту және қалпына келтіру жобаларын жүзеге асырып, оған компанияның өзіндік қаржысынан бөлек мемлекеттік субсидия мен ЕҚДБ қарызы тартылды. Жоба 2018 жылы жүзеге асырылды және болашақта жалғасын табады.

ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2018 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 16 903 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 11,7 %) құраса, табыстың 3 275 млн теңге не 16,2 %-ға төмендеуі өзіндік құнның 14 015 млн теңге немесе 14,0 %-ға өсуімен, сондай-ақ, кезең шығындарының 1 489 мың теңгеге артуымен байланысты. Қаржылық нетто шығындары 1 801 млн теңге не 39 %-ға артты. 2018 жылғы таза пайда 1 600 млн теңгені құраса, жиынтық табыс 1 584 млн теңге болды.



СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША 2018 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, МЛН ТЕҢГЕ


Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Элиминация	Қорытынды
Негізгі қызмет табыстары	67 936	24 939	9 476	106 140	93	(64 703)	143 880
Өзіндік құны	(49 890)	(18 290)	(7 343)	(102 822)	—	64 035	(114 310)
Жалпы пайда	18 045	6 648	2 133	3 318	93	(667)	29 571
Кезең шығындары	(5 190)	(2 619)	(1 920)	(3 891)	(1 942)	2 894	(12 667)
Операциялық қызметтен түскен пайда	12 856	4 029	213	(573)	(1 849)	2 227	16 903
Қаржылық шығындар, нетто	(2 996)	(821)	(935)	(356)	1 707	(3 452)	(6 853)
Курстық айырмашылық шығыны	(2 362)	(2 382)	(444)	1	(293)	—	(5 479)
Өзге табыстар	121	480	871	473	158	(2 304)	(201)
Гудвилл құнсыздануы	(21)	(13)	(290)	15	(230)	—	(538)
Пайда салығының шығындары	(2 133)	(239)	(195)	2	334	—	(2 232)
Бір жылғы пайда	5 465	1 054	(780)	(437)	(173)	(3 530)	1 600
Қызмет сегменттері бойынша EBITDA	20 006	7 124	1 472	(437)	(1 664)	2 227	28 728

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Корпорацияның жиынтық активтері 314 089 млн теңгені құрады, бұл 2017 жылдың сәйкес көрсеткішінен 1,3 %-ға жоғары. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 260 133 млн теңге немесе барлық активтер құнының 83 %-ын құрады. 2018 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 21 118 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынып, аяқталмаған құрылыс құрамына бағытталды, ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді.


Басқа қаржылық активтер бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар

Пассивтер, млрд теңге



депозит түрінде берілген. Депозиттер Корпорацияның қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұру үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Активтер, млрд теңге



Корпорацияның жарияланған жарғылық капиталы 50 млн жай акцияны құрайды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 46 043 млн теңгені құрады.


Корпорация сомасы 1 441 млн теңге купонды коммерциялық облигациялар («ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ) орналастырды, индексті пайыздық мөлшерлемесі 12,5 %. Аталған қаржылар Корпорация стратегиясына сәйкес, инвестициялық бағдарламаны және даму жобаларын қаржыландыруға бағытталды. Ұзақмерзімді қарыздар негізінен компаниялар тобы активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаны қаржыландыруға арналған Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азия даму банкі, «Сбербанк России» ЕБ АҚ қарыздарын қамтиды.

Есептік жылдың соңындағы жалпы қаржылық қарыз 94 564 млн теңгені құрады, бұл ретте Корпорация қаржылық тұрақтылығын сақтап отыр.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Корпорацияның операциялық қызметінен түскен таза ақша қаражаты 21 525 млн теңгені құрады.

21 536 млн теңге көлеміндегі инвестициялық қызмет бойынша ақшаның ең қомақты кері ағыны инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырумен және несие қарыздарын төлеумен байланысты. Қаржылық қызмет бойынша қомақты кері ағындар 30 577 млн теңге көлеміндегі банктік қарыздарды өтеумен байланысты болды. Қаржылық қызметтен болған ақшалай қаражат өзгерісі 3 934 млн теңге болды. 2018 жыл соңындағы Ақшалай қаражаттың қорытынды неттосы 1 302 млн теңгені құрады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Корпорацияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Акционерлердің Корпорация Жарғысында айқындалған өз құқықтарын жүзеге асыруының негізгі тәсілі – олардың акционерлердің жыл сайынғы жиналысына, сондай-ақ, Директорлар кеңесіне Атқарушы органның бастамасымен өткізілген кезектен тыс жиналыстарға қатысуы болып табылады.

Корпорация акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылы акционерлердің 1 жылдық және 4 кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді. Жиналыстарда «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қаржылық есептіктерін бекіту, «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қызметіне қатысты акционерлердің үндеулері туралы мәселелерді қарау, «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептіктеріне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау, «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, «ОАЭК» АҚ және кей еншілес ұйымдардың Директорлар кеңесінің жаңа сайланған мүше-

леріне төленетін сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау және өзге мәселелер қаралды.

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Корпорацияның дивиденд төлеуді есептеу, жариялау тәртібі, көлемі, түрі мен мерзімдеріне қатысты саясаты Корпорацияның Жарғысында және «ОАЭК» АҚ Дивидендтік саясаты туралы ережеде анықталған.

Корпорацияның дивидендтік саясатының басты қағидаттары мыналар болып табылады:

- дивидендтік төлем көлемін анықтау кезінде Корпорация мен оның акционерлерінің мүддесінің теңгерімділігі;
- Корпорацияның инвестициялық тартымдылығын, қаржы тұрақтылығын, капиталы мен өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық кірісін қамтамасыз ету.

Корпорация өзінің дамуына жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретін мөлшерде таза пайданың бір бөлігін дивиденд төлеуге жұмсауға ниетті. Жылдық дивидендтерді төлеу туралы шешімді Корпорацияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды. Корпорация үшін ойда болмаған жерден жағымсыз жайттар орын алған жағдайда Директорлар кеңесі Корпорация акционерлерінің жалпы жиналысына дивиденд төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдау ұсынысын білдіруге міндетті.

2018 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында «ОАЭК» АҚ акционерлеріне 2017 қаржылық жыл үшін 2 127,8 млн теңге көлемінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Корпорацияның Директорлар кеңесі стратегиялық міндеттерді айқындайды, кәсіпорын жұмысы нәтижелеріне ағымдағы мониторинг жүргізу және бағалауды қоса алғанда, қызметті бақылаудың қажетті тетіктерін қолдайды.

Корпорация қызметінің ашықтығын арттыру мақсатында Директорлар кеңесіне үш тәуелсіз

директор кіреді, олар Корпорацияға қатысты үлестес тұлғалар болып табылмайды. Директорлар кеңесін Төраға басқарады, ол Директорлар кеңесі мүшелері мен Директорлар кеңесі комитеттерінен түскен ұсыныстар негізінде Директорлар кеңесі отырыстарын шақырып, күн тәртібін белгілейді.

Директорлар кеңесі өз қызметінде алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін келесі аталған принциптерге сүйенеді:

- Корпорация қызметі тұрастында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Корпорацияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Корпорация туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Корпорация акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Корпорация акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Корпорация акционерлерін шынайы және уақытылы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Директорлар кеңесі және атқарушы органға берілетін сыйақы мөлшері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады. 2018 жылы Директорлар кеңесі мен атқарушы органға берілген сыйақылардың жалпы сомасы 147,6 млн теңгені құрады.

ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Корпорация акционерлерінің жалпы жиынының шешімімен сайланады. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі Жарғы ережелеріне сәйкес, кем дегенде алты адамнан құралуы қажет. Олардың кем дегенде үштен бірі – тәуелсіз директорлар болуы тиіс. «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері боп тек жеке тұлғалар бола алады және олар келесі топтардан сайлана алады:

1. акционерлер – жеке тұлғалар;
2. акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар;
3. қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар.

Сондай-ақ, «ОАЭК» АҚ Бас директоры да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

“ 10 ЖЫЛДА ТИІМДІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЛЫПТАСТЫ

ТАЛҒАТ МҰХТАРҰЛЫ ЖҰМАДІЛОВ,
КОРПОРАТИВТІК ДАМУ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР

— Корпорациядағы корпоративтік басқару жүйесінің мәні неде?

— Корпоративтік басқару жүйесі компаниядағы барлық басқарушылық процестердің іргетасы мен негізі болып табылады. «ОАЭК» корпоративтік басқару жүйесі компания құрылған сәттен бастап-ақ біздің акционерлер қолданатын жоғары халықаралық стандарттарға негізделген болатын. Айталық, Еуропалық қайта құру және даму банкі өз қызметінде экологиялық және әлеуметтік тұрақты дамуға көп үлес қосады. Бұл саясат акционерлер тарапынан Директорлар кеңесінің отырыстарында көрсетіліп, әлбетте, біздің қызметімізге енгізілді.

— Ашықтық пен тиімділікті арттыруға қандай факторлар итермелейді?

— Алғашқы сәттен бастап Директорлар кеңесінің құрамында осы салада бай тәжірибеге ие тәуелсіз директорлар жұмыс жасайды. Бұл корпоративтік басқарудың тиімді және ашық жүйесін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жекелеген қызмет бағыттары бойынша барлық аспектілерді түбегейлі қарастыратын стратегия, аудит, техникалық және әлеуметтік мәселелер бойынша комитеттер жұмысы туралы айтып өткен маңызды. Комитеттер жұмысына Директорлар кеңесінің мүшелерінен бөлек Корпорация және еншілес компаниялардың қызметкерлері де қатысады. Өз қызметімізде біз қажетті нормалар мен стандарттарды сақтап, тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін этикалық принциптерді ұстануға тырысамыз.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ (2019 ЖЫЛҒЫ 29 ҚАҢТАР БОЙЫНША)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢАДАН САЙЛАНҒАН МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІК МЕРЗІМІ – 2 ЖЫЛ
(2021 ЖЫЛҒЫ 21 ҚАҢТАРҒА ДЕЙІН)

КЛЕБАНОВ АЛЕКСАНДР ЯКОВЛЕВИЧ (1963 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

«ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі және акционері болып табылады.

20.08.2007 – «ОАОЭК» АҚ ДК Төрағасы;

16.03.2009 – ОАЭК» АҚ ДК Төрағасы;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2008 жылдан бері ДК құрамында).

КАН СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ (1968 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

«ОАЭК» АҚ Бас директоры, «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, акционері болып табылады.

01.08.2004 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі;

12.11.2007 – «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры;

01.02.2010 – «Circle Maritime Invest» АҚ Президенті;

31.05.2012 – «Circle Maritime Invest» АҚ ДК Төрағасы;

15.10.2015 – «Қазақ Мұнай және Газ институты» АҚ ДК Төрағасы;

28.09.2017 – «ОАЭК» АҚ Президенті (2019 жылдан бастап лауазым атауы «Бас директор» болып өзгерді);

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

ҚҰТБАЙ ЖАНДАР БЕРІКҰЛЫ (1985 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

01.07.2014 – 01.08.2015 – «Банк Астана-Финанс» АҚ ДК Төрағасының кеңесшісі;

01.08.2015 – 01.09.2017 – «Almex-Baiterek Fund» ЖШС Басқарма Төрағасының орынбасары, инвестициялық директоры;

01.09.2017 – «Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма Төрағасы;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2018 жылдан бері ДК құрамында).

КАРЯГИН АНДРЕЙ ВАЛЕРЬЕВИЧ (1967 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

01.01.2014 – 01.01.2016 – «Астана Инвест» Инвестициялық үйі» АҚ Басқарма Төрағасы;

01.01.2016 – 01.09.2017 – Astana Investment Corporation Президенті;

25.12.2017 – «Астана Инвест» Инвестициялық үйі» АҚ ДК Төрағасы;

15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;

15.01.2018 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі;

15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

КАЙЗЕР ФРАНЦ-ЙОЗЕФ (1949 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

17.11.1975 – 30.06.2009 – Прайс УотерХаусКуперс (PwC) серіктесі;

2005 – 30.06.2009 – «ЕЭС России» РАҚ PwC жобасы бойынша серіктесі;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2009 жылдан бері ДК құрамында).

КЕРР МАНФРЕД-ЙОЗЕФ (1947 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

«ОАЭК» АҚ-на қатысты үлестес тұлға емес және соңғы 3 жылда үлестес болмаған.

2003 – 2009 – RWE Power International Ессен Вице-президенті;

2008 – 2010 – RWE Power International Ессен Басқарушы директоры, Аға кеңесшісі;

25.02.2011 – Rhein Ruhr Power ДК төрағасы;

25.10.2011 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, Тәуелсіз директоры;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2011 жылдан бері ДК құрамында).

ТАБАНОВ ЭЛЬДАР РАШИТОВИЧ (1968 ж.т.)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ, ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

04.01.2013 – «ОАОЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

01.01.2014 – 13.06.2017 - «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

09.09.2015-16.11.2016 – «Astana» ӘКК ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары;

13.10.2016 – «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

29.09.2017 – «City Vox» ЖШС Директоры;


15.01.2018 – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

15.01.2018 – «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

15.01.2018 – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директоры;

29.01.2019 – «ОАЭК» АҚ ДК мүшесі, тәуелсіз директор болып қайта сайланды (2017 жылдан бері ДК құрамында).

ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ (2019 ЖЫЛҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2018 жылы Директорлар кеңесінің 8 отырысы өткізілді. Директорлар кеңесі назар аударған мәселелер қатарында ай сайынғы және квартал сайынғы басқарушылық есептер, «ОАЭК» АҚ 2017 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарының орындалуын қарау, «ОАЭК» АҚ-ның 2018 жылғы шоғырландырылған бизнес-жоспарына (бюджет) түзетулер енгізу және бекіту, «Астанаэнергосбыт» ЖШС 2017 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, «ОАЭК» АҚ 2017 жылғы қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, «ОАЭК» АҚ аяқталған 2017

қаржылық жыл үшін таза табысын бөлу тәртібін және «ОАЭК» АҚ бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін айқындау, «ОАЭК» АҚ 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды алдын ала таңдау, «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің қызметі туралы есептерді қарау, «ОАЭК» АҚ Тәуекелдерді басқару департаментінің қызметі туралы есептерді қарау, «ОАЭК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президентін сайлау, «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесі жанындағы Техникалық комитеттің, аудит жөніндегі комитеттің және Стратегиялық комитеттің жаңа мүшесін сайлау, бірқатар корпоративтік құжаттарды бекіту және өзгелер болды.



«ОАЭК» ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ

КЕРР МАНФРЕД-ЙОЗЕФ,
«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ,
ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР

— Корпорация қызметінің 10 жылдық нәтижелері туралы не айтар едіңіз?

— Бұл жылдары «ОАЭК» өз энергетикалық активтерін жаңғыртып, трансформация жүргізуде. Айта кету керек, бұл трансформация жылу және электр өндірісі қызметінің тиімділігін арттырып, сондай-ақ, қоршаған ортаға ықпал деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Заманауи батыс компанияларының үздік тәжірибелерін енгізу арқылы «ОАЭК» инвестициялық бағдарламаны жоғары деңгейде жүзеге асыра білді. Мен сегіз жылдан бері «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі және Директорлар кеңесі жанындағы Стратегиялық және Техникалық комитеттердің мүшесі болып табыламын. Менің ойымша, жеке компанияның жылу электр орталықтарын жаңғырту бойынша қызметі — Қазақстан үшін өте жақсы үлгі.

— Директорлар кеңесінің алдында қандай міндеттер тұр?

— Холдингтің негізгі міндеті — әлдеқайда жаңғыртылған жылу және электроэнергетикалық холдинг ретінде дамуды жалғастыру болып табылады. Қазір біз алдағы декадаға стратегия әзірлеу үстіндеміз және 10 жылдан кейін өзімізді қалай көргіміз келетіні туралы ұдайы ойланамыз. Сондықтан біз үшін болашаққа болжам жасаудың маңызы зор. Мен біздің ортақ мақсатқа қол жеткізуде бір ұжым болып жұмылып еңбек жасап жатқанымызға аса қуаныштымын.

«ОАЭК» АҚ АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ОАЭК» АҚ-ның жарғылық капиталы

₸ 46 043 272 мың



«Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ



KIF ENERGY S.a.r.l.



CKIF ENERGY S.a.r.l.



«Baiterek Venture Fund» АҚ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«ОАЭК» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДА 2018 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ТӨРТ КОМИТЕТ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ:

Атауы	Міндеттері	Құрамы	Қызмет нәтижелері
<p>Стратегиялық комитет</p> <p>7 комитет мүшесі</p> <p>2018 жылы 1 отырыс</p>	<p>Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру</p> <ul style="list-style-type: none"> - жобаларды жүзеге асыруды бақылау - Корпорацияның даму стратегиясының орындалуын бақылау - Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесу 	<p>Керр М. Төраға</p> <p>Кан С.В.</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Карягин А.В.</p> <p>Перфилов О.В.</p>	<p>2018 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпорация қызметін жоспарлау және дамыту механизмдерін жетілдіру бойынша көмектесті.</p>
<p>Аудит жөніндегі комитет</p> <p>5 комитет мүшесі</p> <p>2018 жылы 2 отырыс</p>	<p>Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізуіне көмектесу</p> <ul style="list-style-type: none"> - ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу - Директорлар кеңесіне оның тарапынан әрекетті қажет ететін кез-келген мәселе бойынша ұсыныстар беру 	<p>Кайзер Ф. Төраға</p> <p>Язовская А.А.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Карягин А.В.</p>	<p>2018 жылы Комитет Директорлар кеңесіне реттеуші және бақылаушы қызметтерін тиімді жүргізу, ішкі аудитті, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және бекемдеу бойынша көмектесті. Комитетте ішкі аудит және тәуекел-менеджмент департаменттерінің жұмысына қатысты мәселелер, оның ішінде департаменттердің жұмысы туралы тиісті есептер қаралып, бюджет, жұмыс жоспарын бекіту, тиісті корпоративтік ережелер мен регламенттерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу және өзге де жұмыстар жүргізілді.</p>
<p>Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті</p> <p>5 комитет мүшесі</p> <p>2018 жылы 1 отырыс</p>	<p>Корпорация және оның еншілес ұйымдарына бірегей кадрлық саясат әзірлеу және енгізу, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін қалыптастыру және оның принциптерін жүзеге асыру</p>	<p>Табанов Э.Р. Төраға</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Карягин А.В.</p> <p>Нигаи А.Д.</p> <p>Константинова Н.В.</p>	<p>2018 жылы Комитет Директорлар кеңесіне Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға көмектесті. Комитетте «ОАЭК» АҚ Қызметкерлерді басқару департаментіне қатысты және «ОАЭК» АҚ және оның еншілес ұйымдарының еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері қаралды.</p>
<p>Техникалық комитет</p> <p>6 комитет мүшесі</p> <p>2018 жылы 2 отырыс</p>	<p>Корпорацияда инвестициялық жобалардың орындалуын уақытылы және тиімді бақылау</p>	<p>Керр М. Төраға</p> <p>Тұрғанов Д.Н.</p> <p>Вуд Г.</p> <p>Чай Чи Так</p> <p>Андреев Г.И.</p> <p>Перфилов О.В.</p>	<p>2018 жылы Комитет өз мүшелерінің Корпорацияда инвестициялық жобалардың орындалуын уақытылы және тиімді бақылауын жүзеге асыруға қатысуын қамтамасыз етті.</p>



АТҚАРУШЫ ОРГАН

Корпорацияның жеке атқарушы органы – Бас директор болып табылады, ол Корпорацияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Бас директор қызметінің негізгі принциптеріне Акционерлер көзқарасын мейлінше сақтау, адалдық, білімділік, қырағылық жатады.

«ОАЭК» БАС ДИРЕКТОРЫ СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ КАН

ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

1998 жылы Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университетін тәмамдаған. 20 жылдан бері Қазақстан Республикасы аумағында түрлі қызмет түріндегі шетелдік қатысумен қазақстандық және біріккен кәсіпорындарды дамытумен, ілгерілетумен және басқарумен айналысып келеді.

2007 жылдан бері Кан мырза «Каспиан Оффшор Констракшн» ЖШС Атқарушы директоры, 2010 жылдан бері «Circle Maritime Invest» АҚ кеме қожалығы компаниясының Президенті лауазымдарын атқарады.

2004 жылдан бері және қазіргі таңда «Орталық Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2015 жылдан бері және қазіргі таңда «Қазақ Мұнай және Газ Институты» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы лауазымын атқарады.

2017 жылдан қазірге дейін «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Кан Сергей Владимирович елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан айтарлықтай үлесі үшін «Парасат» мемлекеттік орденімен марапатталған. «Энергетика саласына қосқан үлесі үшін» медаліне ие.



СЫАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Атқарушы органға берілетін сыйақы көлемі «ОАЭК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

Бас директор сыйақысының мөлшерін анықтау келесі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады:

- Сыйақы тұрақты және ауыспалы бөліктен тұрады;
- Сыйақының ауыспалы бөлігі Бас директор қызметінің негізгі көрсеткіштерімен, оның біліктілігімен, белгілі кезеңде Қоғам қызметінің нәтижесіне қосқан жеке үлесімен байланысты және Бас директордың жоғары сапалы қызметіне стимул беруге бағытталған;
- Бас директорға әлеуметтік қолдау, кепілдік және өтемақы төлемдері заңнамаға, Қоғамның ішкі құжаттарына және еңбек шартына сәйкес беріледі.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ

Корпорацияның корпоративтік басқару саясаты 2018 жылы толықтай Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес болды, кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына және корпоративтік басқару саласындағы қолданыстағы халықаралық тәжірибені және Қазақстанның акционерлік қоғамдарының Корпоративтік басқару қағидаттарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарын ескере отырып дайындалған.

Принциптерді ұстану Корпорация қызметінің күн сайынғы тәжірибесіне халықаралық стандарттарға сай және Корпорацияның акционерлер, тұтынушылар мен қызметкерлер алдында жағымды бейнесін қалыптастыруға әсер ететін корпоративтік тәртіп нормалары мен дәстүрлерін қалыптастыруға және енгізуге, акционерлер құқығының толығымен жүзеге асуына қол жеткізіп, олардың Корпорация қызметі туралы хабардар болуын арттыруға, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылау мен төмендетуге, Корпорацияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін

қолдауға және оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері:

- Әлеттілік
- Есеп берушілік
- Жауапкершілік
- Ашықтық
- Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік
- Тиімділік
- Бақылауға алушылық

2018 жылы корпоративтік басқару кодексінің барлық негізгі принциптері сақталды.

КӨЗҚАРАСТАР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Көзқарастар қайшылығы Әдеп кодексінің 5.6 тармағымен реттеледі. Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердің компания ішінде және одан тыс аумақтағы қызметі туралы жазылған.

«Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негізгі принциптердің қатарында «Көзқарастар қайшылығын төмендету» принципі көрсетілген. Бұл принципке сәйкес, Корпорация ашық Ұйымдық құрылым түзу арқылы өкілеттік пен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде көзқарастар қайшылығын төмендетеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Директорлар кеңесі мүшелері арасында көзқарастар қайшылығын жою туралы Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы тармақта баяндалған.

КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

Корпорацияда әрекет ететін Іскери әдеп кодексі 2010 жылы Директорлар кеңесімен бекітілген.



Құжат келесі төрт бағыттағы іскери өзара қарым-қатынасты реттеудің халықаралық тәжірибе стандарттарын біріктіреді:

- бизнес және кәсіби әдеп
- ұйымдық әдеп
- корпоративтік басқару
- компанияның әлеуметтік жауапкершілігі

Компаниялар тобында іскери әдептің сақталуы реттелген әдеп принциптері мен талаптарына сәйкес қызметті ұйымдастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады.

Кодекстің бекітілген стандарттары мен талаптары Корпорацияның барлық жұмысшылары арасында бөлінеді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Жаңа басшылықтың келуіне байланысты «Делойт» ЖШС-нің орнына «PWC Қазақстан» ЖШС аудитор ретінде таңдалды. Аудиторлық қызмет көрсету бойынша шарт компаниямен 2021 жылға дейін жасалды.



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Бизнес-процестерді жетілдіру және Корпорацияда қабылданып отырған шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит департаменті (ІАД) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Корпорация Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процестері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі.

Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

Корпорацияның еншілес ұйымдарында Ішкі аудит басқармалары құрылған, олардың қызметі ІАД талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және Корпорацияда қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.

Қазіргі таңда Корпорация бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.

2018 жылы ІАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды орындады: еншілес ұйымдардағы «Инвестициялық қызметті басқару», «Тұтынушыларға қызмет көрсету процесін басқару», «Салықтарды есепке алу», «Негізгі жабдықтар мен материалдық емес активтерді есепке алу», «Қызметкерлерді

басқару», «Табыстарды есепке алу және дебиторлармен есептесу», «Сатып алу, шарттар және кредиторлармен есеп айырысуды басқару» бизнес-процестерінің ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) тиімділігіне бағалау жүргізу. Сондай-ақ, ІАД ұсыныстарын орындауға мониторинг, негізгі жабдықтар мен тауарлы-материалдық қорларға бөлшек түгендеу жүргізілді. ІАД Директорлар кеңесіне және Аудит жөніндегі комитетке жылдық есеп, сондай-ақ, 10 айдағы атқарылған жұмыс туралы есеп берді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІ

«ОАЭК» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Корпорация қызметіне қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін Корпорациядағы ТБЖ тәуекелдерді бірегейлендіру, тиімді басқару және тұрақты түрде мониторинг жасауға бағытталған. Тәуекелдерді анықтау барлық деңгейде – өндірістік кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер және Компаниялар тобы деңгейінде жүргізіледі.

ТБЖ БОЙЫНША ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ МОНИТОРИНГ
Тәуекелдерді анықтау процесі және одан әрі бағалау мен басқару үшін Корпорацияның тәуекелдер реестріне енгізу.	Тәуекелдің Корпорацияның өндірістік және қаржылық-экономикалық көрсеткіштеріне қаншалықты ықпал ететінін айқындау процесі.	Корпорация қызметіне ықпал ететін оң оқиғаларды арттырып, теріс оқиғаларды азайту жолымен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ең тиімді тәсілдерін анықтаумен, бағалаумен және таңдаумен байланысты процесс.	Тәуекелдерді басқару бойынша Шаралар жоспарына мониторинг жасауға бағытталған процесс (тұрақтылық, уақыттылық және шараны атқару сапасы).

ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Корпорацияда бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, барлық атқарушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады. ІБЖ Компаниялар тобының мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қызметті жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

КОРПОРАЦИЯДА ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮШ ДЕҢГЕЙІ АЙҚЫНДАЛҒАН:

Операциялық	Қаржылық	Сәйкестікті бақылау
Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.	Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.	Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

Корпорацияда тәуекелдерді басқару бойынша жұмысты Корпорация Директорлар кеңесіне есеп беретін Тәуекел-менеджмент департаменті жүргізеді. Департамент жұмысы Директорлар кеңесі бекіткен бір жылдық жұмыс жоспарына сәйкес атқарылады.

2018 жылы атқарылған жұмыстар

Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару саласы бойынша оқыту жүргізу.

Корпорация тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру

Бизнес-процестерді талдау және тестілеу:
«Қызметкерлермен есеп айырысуды есепке алу»;
«Электр энергиясын тарату, тұтынуды есепке алу және энергобақылау процесін басқару»;
«Жылу энергиясын тарату, тұтынуды есепке алу және энергобақылау процесін басқару»;
«Салықтарды есепке алу».

Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.

ISO9001:2015 стандартын енгізуге дайындық аясында:
«ОАЭК» АҚ құрылымдық бөлімшелері басшыларына «ISO9001:2015 талаптары» тақырыбында оқыту жүргізіліп, емтихандар сәтті тапсырылды және сертификаттар алынды;
«ОАЭК» АҚ ТМД және ІАД, ЕҰ ТМБ қызметкерлеріне «ISO9001:2015 сапа менеджменті жүйесі ішкі аудиторы» тақырыбында оқыту жүргізілді;
ISO9001:2015 талаптарына сәйкес ішкі нормативтік құжаттар әзірленуде;

Қолданыстағы ішкі нормативтік құжаттарды ISO9001:2015 талаптарына сәйкес актуалдандыру.

2019 жылға жоспарланған жұмыстар

Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу.

Корпорация тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру

Бизнес-процестерді талдау және тестілеу:
«Инвестициялық қызмет»;
«Қойма шаруашылығын басқару»;
«Техникалық қызмет көрсету және жөндеулерді басқару».

Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.

СМЖ бойынша жұмыстарды ұйымдастыру:
СМЖ әзірлеу және енгізу бойынша жұмыс тобын қалыптастыру;
«ОАЭК» АҚ ІНҚ базасын қалыптастыру;
Бекітілген талаптарға сәйкес ІНҚ базасын актуалдандыру;
Сапа саласындағы саясат және мақсаттарды әзірлеу және бекіту;
«ОАЭК» АҚ ҚБ-нде ІНҚ енгізу;
ІНҚ ішкі аудитін әзірлеу;
«ОАЭК» АҚ-н сертификаттауға дайындау.

ТӘУЕКЕЛДЕР ТОПТАРЫ















Стратегиялық тәуекелдер	Қаржылық тәуекелдер	Құқықтық тәуекелдер	Операциялық тәуекелдер
- Реттеу тәуекелдері - Инвестициялық тәуекелдер - Жобалық тәуекелдер - Репутациялық тәуекелдер - Нарықтық тәуекелдер - Басқарушылық тәуекелдер - Кредиттік тәуекелдер	- Қаржылық есептілік - Пайыздық тәуекелдер - Өтімділік тәуекелдер - Кредиттік тәуекелдер - Бағалық тәуекелдер - Валюталық тәуекелдер - Басқарушылық тәуекелдер	- Заңнаманың бұзылуы - Коррупциялық және алаяқтық тәуекелдері - Мүліктік тәуекелдер - Коллекторлық тәуекелдер - Реттеу тәуекелдері - Экологиялық тәуекелдер - Кадрлық тәуекелдер - Салықтық тәуекелдер	- Технологиялық тәуекелдер - Сатып алулар және қамту - Ақпараттық технологиялар және қауіпсіздік - Төтенше жағдайлар - Кадрлық тәуекелдер - Экологиялық тәуекелдер - Контрагенттермен өзара қызмет - Коммерциялық тәуекелдер - Кәсіби тәуекелдер - Отын тәуекелдері - Репутациялық тәуекелдер - Әлеуметтік тәуекелдер - Мүліктік тәуекелдер - Басқарушылық тәуекелдер

Тәуекелдер анықталады, бағаланады және бақыланады.

ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Корпорацияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2018 жылы Корпорация қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 79 тәуекел анықталды.

Тәуекел	Факторлар	Тәуекел деңгейі	Өзгеріс	Тәуекел өзгерісінің сипаттамасы	Тәуекелді төмендету шаралары
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР					
Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығының енгізілуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы заңнамасының жетімсіздігі. 2. Нақты тұтынымды белгілейтін толыққанды ЭКЕАЖ жүйесінің болмауы. 3. Тұтынушылардың қысым профилі бойынша статистиканың болмауы. 4. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығында жұмыс жасау үшін қолданыстағы БҚ функционалының толық пайдаланылмауы. 			<p>Электр қуаты нарығының 2019 жылдан бастап енгізілуіне және шешілмеген сұрақтардың бар болуына байланысты тәуекел 2018 жыл қорытындысы бойынша 2017 жылғы ірі аумақтан сыни аумаққа орын ауыстырды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Энергетика министрлігімен және ҚР Ұлтық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік және тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетімен Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы қызметінің ережелерін реттейтін заңнамалық құжаттарға ұсыныстар мен ескертпелер енгізу бойынша әріптестік; 2. Көтерме тұтынушылардың ЭКЕАЖ жүйесін дамыту; 3. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығында жұмыс істеу үшін БҚ енгізу; 4. Тәуліктік графиктерді беру бойынша тұтынушылармен жұмыс жүргізу; 5. Нақты тұтынушылардың тұтынын ЭКЕАЖ жүйесінде бақылау.
Өкілетті органның тарифті төмендетуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Заңнаманың жетімсіздігі. 2. Заңнамадағы өзгерістер туралы Корпорацияның жауапты қызметкерлерін уақытылы хабарландырмау. 			<p>2018 жылы бірқатар ЕҰ-да өкілетті органның шешімімен жылу және электр энергиясын беру және тарату тарифтері төмендетіліп, бұл тәуекел деңгейінің іріден сыни аумаққа ауысуына ықпал етті.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Топ мүдделерін қауымдастықтар мен қоғамдастықтар (Қазақстан электроэнергетикалық қауымдастығы, «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы) арқылы қорғау және дамыту; 2. Ұсыныстар беру және жұмыс комиссияларында жұмыс істеу арқылы нормативтік-құқықтық актілер (реттеуші сала) әзірлеуге қатысу.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР					
Білікті/негізгі қызметкерлерді жоғалту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Орташа еңбекақының төмен деңгейі. 2. Өзге елдерге көші-қон. 3. Оқу орындарының энергетика саласына білікті кадрларды дайындау деңгейінің төмендігі және басқалар. 			<p>Қызметкерлерді басқару бойынша мәліметтерді талдау «Астана-энергосбыт» ЖШС еншілес ұйымында тұрақсыздық коэффициентінің жоғары мәні мен есімін көрсетті.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне (ЕТОЖ) көшу жолымен еңбекақы деңгейін көтеру, сондай-ақ, Корпорациядағы еңбекақыны индексстеу; 2. Кәсіпорын профилі бойынша біліктілік көтеруге жағдайлар жасау. 3. Жас мамандарды тарту және бейімдеу бағдарламалары.

Тәуекел	Факторлар	Тәуекел деңгейі	Өзгеріс	Тәуекел өзгерісінің сипаттамасы	Тәуекелді төмендету шаралары
Мәліметтерді өңдеу орталығы (МӨО, Павлодар қаласы) жұмысындағы ақаулар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электр қуатының бұзылуы. 2. Байланыс арнасының бұзылуы. 3. Гермоаумақ микроклиматының бұзылуы. 4. Серверлік/жүйелік қондырғының істен шығуы. 5. Техногендік апаттар. 6. Әлеуметтік-саяси факторлар. 			<p>Тәуекел 2018 жылы бірегейленді.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. АҚ-инфрақұрылымды қалпына келтіруге тестілеу жүргізу. 2. Корпоративтік ақапараттық жүйелер бойынша АТ-инфрақұрылымды апаттық қалпына келтіру жоспарын жасау. 3. Негізгі АТ-жүйелер жұмысы істен шыққан кезде ЕҰ-дарда апаттық жұмыс және өзара қызмет процедураларын әзірлеу.
ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР					
Дебиторлық қарыздың өсуі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Тұтынушылардың төмен төлем тәртібі. 2. Негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің төмендеуі. 			<p>2018 жылы мерзімі өткен дебиторлық қарыз өсімі байқалды. Тәуекел ірі аймаққа орын ауыстырды.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Претензия-искті жұмыс жүргізілуде. 2. Қарызды бөліп төлеу графиктері жасалуда. 3. Кәсіпорындар мекен-жайына қажеттілікке сай жұмысшыларының коммуналдық қызмет бойынша қарыздары туралы ақпарат жолдануда.
Шетелдік валюта қатынасында ұлттық валюта курсының өзгеруі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық валюта курсының валюта биржасында өзгеруі, төмендеуі немесе өсуі. 2. Шетелдік валютада ТМҚ және қызметтерді жеткізуге шарттар жасасу. 3. Шетелдік валютада қарыз шарттарын жасасу. 			<p>2018 жыл қорытындысы бойынша теңге АҚШ доллары қатынасында 13 %-ға әлсіреп, жыл ішінде волатильділік көрсетті. Тәуекел сыни аумаққа ауысты.</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұлттық валютада шарттар жасасу. 2. Валюта курсының динамикасына мониторинг жасау. 3. Валюталық позицияны есептеу және негіздеу.
	тәуекел ықпалы төмендеді			тәуекелдің туындау ықтималдығы өзгерген жоқ	
	тәуекел ықпалы артты			тәуекелдің туындау ықтималдығы артты	
	тәуекелдің туындау ықтималдығы өзгерген жоқ			тәуекелдің туындау ықтималдығы төмендеді	
	тәуекелдің орташа деңгейі			тәуекелдің жоғары деңгейі	

ТҰРАҚТЫ ДАМУ

«ОАЭК» АҚ тұтынушылар, мемлекет, инвесторлар, қызметкерлер, іскери серіктестер мен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті сезіне отырып, қызметті тұрақты жүргізу принциптерін ұстанады және бұл терминнің кең ауқымды түсінігінде қоршаған ортаға ықпал етуді кешенді басқаруды жүзеге асырады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Жолға қойылған өзара қызмет жүйесінің арқасында Корпорация мүдделі тараптардың пікірі, көзқарасы және өтініштерінен әрдайым хабардар. Өз қызметінің жоғары қоғамдық маңызына байланысты «ОАЭК» АҚ тәуекелдерді төмендету мақсатында барлық мүдделі тараптармен өзара қызмет тиімділігін арттыру және кеңейту бағытындағы кешенді шараларды жүзеге асырады.

2013 жылда бері Корпорация тұрақты түрде Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары мен есебін жариялайды. Бұл құжаттар корпоративтік сайтта жарияланған. Есепте сандық және сапалық көрсеткіштер, шаралар, сондай-ақ, ақпарат тарату көздері кеңінен ашылып көрсетіледі.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТІЗІМІ

Корпорация өз қызметі мен шешімдеріне мүдделі топтарды айқындап алған, бұл олардың ықпалын түсініп, оларға дұрыс жауап дайындауға мүмкіндік береді. Мүдделі тараптарды анықтап, іріктеуге олардың Корпорацияның ағымдағы қызметі мен стратегиялық дамуына ықпалын бағалау, сондай-ақ, Корпорацияда қалыптасқан мүдделі тараптармен өзара қызмет тәжірибесі негіз болды.

КОРПОРАЦИЯ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН КЕЛЕСІ БАҒЫТТАР БОЙЫНША ДИАЛОГ ЖҮРГІЗЕДІ:

Әлеуметтік жауапкершілік	Қоршаған ортаны қорғау	Өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау	Экономикалық қауіпсіздік
Қызметкерлер	Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	Қызметкерлер	Акционерлер
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Жеткізушілер, мердігерлер	Жергілікті қоғамдастықтар
Жергілікті қоғамдастықтар	Жергілікті қоғамдастықтар	Кәсіподақ	
Оқу орындары			

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	БОЛЖАМ/КӨЗҚАРАСТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ МЕХАНИЗМІ
Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> Компанияның даму перспективалары туралы ақпарат алу Стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу 	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компаниялар тобы басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.
Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар	<ul style="list-style-type: none"> Сенімді және үздіксіз электр және жылу энергиясымен қамтуды қамтамасыз ету Тұтынушылармен жұмыс кезінде кері байланыс 	Корпорацияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ПРОЦЕСТЕРІ

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	БОЛЖАМ/КӨЗҚАРАСТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ МЕХАНИЗМІ
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	<ul style="list-style-type: none"> Сенімді және үздіксіз қамтуды қамтамасыз ету Тұтынушылармен жұмыс кезіндегі ашықтық Инфрақұрылымды дамыту Салықтық аударымдар Қатысу аймақтарындағы жұмыс орындарын қалыптастыру Әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру 	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Топ компанияларының қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі. Жергілікті биліктің мақұлдауымен/бірлесіп отырып әлеуметтік жобалар жүзеге асырылады.
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> Ашық бәсекелестік орта қалыптастыру Баға қалыптастырудың нарықтық механизмін пайдалану 	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының сайттарында кері байланыс қамтамасыз етілген.
Оқу орындары	<ul style="list-style-type: none"> Салалық ғылым мен білім берудің дамуына көмектесу Әлеуетті кадрлер дайындау және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз ету Ортаға ықпалды төмендететін инновациялық технологияларды қолдану 	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Топ компанияларының қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процестеріне қатысады. Жыл сайын PROFENERGY бағдарламасы, ғылыми идеялар байқауы өткізіледі.
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	<ul style="list-style-type: none"> Бизнес-процестердің ашықтығы Корпорация қызметі туралы ақпаратқа оперативті қолжетімділікті қамтамасыз ету 	Жыл сайын топ компаниялары пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап береді.
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	<ul style="list-style-type: none"> Корпорацияның даму перспективалары туралы ақпарат алу Бірлескен жұмыс Қоршаған ортаға негативті ықпалды төмендету 	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Топ компаниялары қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.
Кәсіподақ	<ul style="list-style-type: none"> Еңбекті тұрақты төлеу. Лайықты еңбек жағдайларын жасау Кәсіби және жеке дамуға мүмкіндіктерді қамтамасыз ету Әлеуметтік кепілдіктер 	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі. Қызметтік баспана қоры қалыптасуда, қызметкерлерге арналған демалыс пен түрлі шаралар ұйымдастырылады, кәсіби шеберлік байқаулары өткізіледі.
Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> Бизнес-процестердің ашықтығы Акционерлік күн өсімі Қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейі 	Өзара әрекет акционерлердің жиналысын өткізу барысында жүзеге асады. Жыл сайын Корпорация және еншілес ұйымдар несие қабілеттілігінің рейтингін жетекші халықаралық рейтинг агенттіктерінде жаңартып отырады. Ақпаратты міндетті ашып көрсету аясында баспасөз мәлімдемелері жарияланып, инвесторлар мен кәсіби қоғамдастықтарға арналған презентациялар әзірленеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

«ОАЭК» АҚ компаниялар тобы әлеуметтік бағыттағы компания болып табылады, тиісінше өз қызметкерлеріне қамқорлық жасап, жалпы өңір тұрғындарының өмірін жақсартуға үлес қосады.

ПАВЛОДАРДАҒЫ «ЭНЕРГЕТИК» ОРТАЛЫҒЫ ТЕННИС ЖҰЛДЫЗДАРЫН ДАЙЫНДАЙДЫ



«Энергетик» теннис орталығы 2011 жылы «ОАЭК» АҚ акционері – «ОАОЭК» АҚ қаржысына «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның қолдауымен бой көтерді.

Орталық «терафлекспен» жабылған төрт теннис алаңы бар залдардан құралған. «Энергетик» орталығындағы корттарда орналасқан заманауи жабдықтар Халықаралық теннис федерациясының (ITF) талаптарына жауап береді. Орталықта жас спортшылармен жұмыс жасауға баса мән беріледі.

2011 жылғы 4 тамызда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Павлодар облысына жасаған жұмыс сапары барысында «Энергетик» теннис орталығында болып, өз пікірін білдірді:

— Маған сіздердің теннис корттарыңыз ұнады. Мен өз Жолдауымда халықымыздың 30 пайызы спортпен шұғылдандыру қажет екенін айтқан болатынмын. Менің тапсырмам орындалып жатыр – жаңа спорт кешендері салынып, балалардың дене шынықтыруға деген әуестіктері артуда.



ПЕТРОПАВЛДАҒЫ «АЛАҚАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ

«Алақай» балабақшасы Петропавлда 2015 жылғы 22 желтоқсанда ашылды. Әлеуметтік нысан құрылысы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен «ОАЭК» АҚ акционері – «ОАОЭК» АҚ-ның мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қолдауымен жүзеге асты.

Аумағы 5 мың шаршы метрді құрайтын балабақшада білім алуға, ойнауға және демалуға қажетті жабдықтармен қамтылған залдар бар. Балабақша Петропавлдың 3-6 жас аралығындағы 320 баласын қабылдайды.

Балаларға тәрбие және білім берумен 43 адамнан тұратын кәсіби педагогикалық ұжым айналысады. Бұл ұжым балабақша ашылған сәтте-ақ құралып қойылған болатын.

ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЖАТАҚХАНА

2016 жылғы 22 желтоқсанда Петропавл 2-ЖЭО-ның 55 жылдығы және Энергетик күнін мерекелеу аясында компания қызметкерлері мен Петропавл қаласының тұрғындарына арналған 90 пәтерлі шағын отбасылы жатақхана салтанатты түрде ашылды. Жоба «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүзеге асты.

4 мың шаршы метрді құрайтын аумақта 90 шағын пәтер орналасса, олардың 80-і бір бөлмелі, 10-ы екі бөлмелі пәтерлер. Әрбір пәтерде жеке ас үй және жуынатын бөлме қарастырылған. Жобаны жүзеге асыру арқасында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ баспанасы жоқ қызметкерлерін ведомстволық баспанамен қамту мәселесін белгілі бір деңгейде шешті. Бұл, сондай-ақ, компанияға



перспективалы мамандарды тартуға да мүмкіндік береді. Жатақхананың ашылу рәсімінде пәтерлер Петропавл қаласының кезекте тұрған 18 отбасына да берілетіні айтылды.

ПАВЛОДАРДАҒЫ СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

2017 жылғы желтоқсанда Павлодар монтаж колледжіне арналған Студенттер үйі ашылды. Жатақхана Павлодар облысы әкімдігімен екі арада жасалған әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы меморандум аясында «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ қолдауымен «ОАЭК» АҚ, «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ-ның қаражатына салынды.

200 орынға есептелген Павлодар монтаж колледжінің студенттеріне арналған жатақхана жиһазбен жабдықталған екі және үш орындық бөлмелерден тұрады. Жуыну бөлмелері бөлек орналасқан.


Студенттер үйінде тренажер және би залдары бар. Әрбір қабатта қажетті тұрмыстық техникалармен жабдықталған ас үй мен киім жуу бөлмелері бар. Сондай-ақ, ғимарат электронды ену жүйесімен және бейнебақылау жүйесімен жабдықталған.

Жатақханаға орналасуда «дәнекерлеу ісі» (электр-газ дәнекерлеушісі) және «энергиямен қамту» (электр желілері мен электр қондырғыларының электр монтажшысы) мамандықтарында білім алатын студенттерге басымдық беріледі.

2018 жылдан бері жатақхана Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім беру басқармасының «Павлодар монтаж колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының балансына берілген.

ERTIS OLYMPIC БАСЕЙНІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

2018 жылғы 12 желтоқсанда Павлодардың Усолка ықшам ауданында 50 метрлік жаңа «Ertis OLYMPIC» жүзу бассейні ашылды. Әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға қатысқан компаниялар қатарында «ОАЭК» АҚ-ның «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ еншілес компаниясы да бар.



Компания сыртқы инженерлік желілер – электрмен қамту, сумен қамту және су өткізу, сондай-ақ, жылумен қамту желілерін жүргізуден айналысты. Жобаны жүзеге асыруға 814 млн 839 мың теңге жұмсалды. Жоба аясында жылу магистралі жүргізілді. Қашықтық 1 603 метрді құрайды. Магистраль бассейнді жылумен қамтуға, сондай-ақ, ықшам ауданды бұдан

әрі кеңейту мақсатын есепке алғандағы жылу қысымын резервтеуге қажет.

Компания электрмен қамту желілерін жүргізуге (сыртқы жарықтандыруды қоса алғанда) қаржы бөлсе, оның бір бөлігі сумен қамту, су өткізу желілерін салуға және №21 сорғысын жаңғыртуға жұмсалды.

Жоба 2016 жылы Павлодар облысы әкімдігі мен «ОАОЭК» АҚ арасында әлеуметтік жобаларды бірлесіп жүзеге асыру туралы қол қойылған меморандум аясында жүзеге асты.

ЭНЕРГЕТИКТЕРГЕ АРНАЛҒАН «АҚЫЛДЫ» ҮЙ

Павлодарда 2017 жылы Усолка ауданындағы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» қызметкерлеріне арналған тоғыз қабатты көппәтерлі тұрғынүй құрылысы басталды.

Жалпы аумағы 9,5 мың шаршы метрді құрайтын үй 60 пәтерден құралады. Баспана 35 жасқа дейінгі қызметкерлердің жас отбасылары арасында бөлінетін болады. Үй құнына сыртқы және коммуникация желілері, абаттандыру шығындары, лифт және жылумен қамту-

ды автоматтандыру да қосылғанын атап өту маңызды.

Бұл Павлодардағы алғашқы «ақылды» үй болмақ. Пәтерлерде температураны реттеуге радиаторларда орналасқан арнайы құралдар мүмкіндік береді. Үйде климат жүйесі, су салқындатушы машина қарастырылған.

КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ


«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Корпорацияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.

«ОАЭК» АҚ қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпоративтік басқару жүйесі бар компания құру. Корпорация қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Корпорация қызметкерлерінің сандық құрамы 2018 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 10 782 адамды құрады.

Сандық құрамның 2017 жылмен салыстырғанда сәл ғана 1,7 %-ға артуы «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары құрылымдарына жоспарлы түрде жаңа бөлімшелер енгізіп, штаттық бірлікті толтырумен байланысты.



Қызметкерлер санаты	Барлығы		олардың ішінде:			
	адам	%	ерлер		әйелдер	
	адам	%	адам	%	адам	%
Саны	10 782	100,0	6 697	62,1	4 085	37,9
Басшылар	1 543	14,3	1 175	76,1	368	23,9
Мамандар/қызметкерлер	3 184	29,5	1 012	31,8	2 172	68,2
Жұмысшылар	6 055	56,2	4 510	74,5	1 545	25,5

— HR блок алдында қандай негізгі міндеттер тұр?

— Негізгі міндет – штатты қажетті қызметкерлермен толықтырып, жинақтау бойынша шараларды жүзеге асыру. Қазір қызметкерлер ағыны тұрақталды. 2018 жылы кадр тұрақсыздығы көрсеткіші аздап артқанымен, бұл көрсеткіш бақылау аясында орын алды. Оның негізгі себебі – кадр құрамын жаңалау процесі болып табылады.

— Тұрақты және тиімді кадрлық құрамды қалыптастыруға бағытталған шараларды атап өтсеңіз?

— Біз студенттерге, жоғары және орта білім оқу орындары түлектеріне және профильді білім алып жатқан компанияның жас мамандарына арналған «PROFENERGY» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алдық. Үш жылда 1 364 студентке өндірістік тәжірибе ұйымдастырылып, 60-тан астам студент жазғы каникул уақытында жұмысқа орналастырылды. Ғылыми жұмыстар байқауларында жеңіске жеткен 7 студентке атаулы шәкіртақы тағайындалып, 535 жұмысшыға орташа айлық еңбекақы көлемінде оқу демалысы берілді. Оқу ақысын төлеуге берілетін ссуданы 70 жұмысшы пайдаланса, оқу орнын үздік аяқтағаны үшін 93 жұмысшы арнайы бонус алды.

«PROFENERGY» бағдарламасын жүзеге асыра отырып, біз республикада техникалық мамандықтардың беделін арттыруға үлес қосудамыз.

— Жұмыстың қай бағыттарын ерекше атап өтер едіңіз?

— Соңғы жылдар ішінде бұл бағытта жұмыстар жүргізіліп, оның аясында қызметкерлер көрсеткіштерін талдай отырып, жұмыстан босаудың негізгі себептері ескеріле отырып, «ОАЭК» АҚ -на кіретін барлық кәсіпорындар тарифтік сетка базасында еңбекті төлеудің бірыңғай жүйесіне көшті. Өз күшімізбен, сыртқы кеңесшілерді тартпастан, лауазымдар мен мамандықтарға өндірістік процестегі

«ОАЭК» АҚ КӘСІПОРЫНДАРЫ БОЙЫНША 2018 ЖЫЛЫ САНДЫҚ ҚҰРАМНЫҢ БӨЛІНІСІ

Компания атауы	Жұмысшылар саны
«ОАЭК» АҚ	96
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ	5 108
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	2 561
«АЭУК» АҚ	2 404
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	613
Барлығы:	10 782

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Корпорация қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 62,1 % жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 74,5 % пайызын ерлер құрайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Корпорация қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 52,2 %-ын құрайды. 2018 жылы

60 жастан жоғары жас санатына жататын қызметкерлердің үлесі 2017 жыл деңгейінде сақталып, 5,3 % құрады. Бұл көрсеткіштерді назарға ала отырып, Компания кәсіби білім мен біліктілікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін қызметкерлер құрамын бірте-бірте жасарту бағытындағы шараларды жүргізеді. Холдинг бойынша орташа жас – 40 жасты құрайды.

“ PROFENERGY – БІЗДІҢ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІМІЗ

НАТАЛЬЯ ВАЛЕРЬЕВНА КОНСТАНТИНОВА,

АДАМ РЕСУРСТАРЫ БОЙЫНША БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОР


маңызы бойынша бағалау жүргізілді. Осылай, лауазымдар мен мамандықтардың деңгейлері белгіленіп, жұмысшыларды ынталандыруға, ішкі және сыртқы факторларды ескере отырып, еңбекті төлеуді арттыруға мүмкіндік алдық.

Жұмысшылардың әлеуметтік қорғалуына жағдай жасалып, нәтижесінде Корпорацияның еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі артты.

HR бағытындағы сәтті әрі маңызы зор жобалардың ішінде (12 кәсіпорында) процестерді автоматтандыру мен бірыңғайландыру жобасын атап өткім келеді. Бұл жобаны жүзеге асыру нәтижесінде барлық кадрлық процестер, табельдік есеп, оның ішінде штаттық кесте автоматтандырылды. Еңбек шығындарын қысқарту мақсатына қол жеткізіп, есеп кезінде болатын қателер саны қысқарды. Мұның бәрі қызметкерлерді басқару қызметінің жұмыс сапасын арттырып, кадрлық есеп жүргізу тиімділігін арттыру мен Холдинг ресурстарын басқару сапасын арттыруға мүмкіндік берді.



Жұмысшылардың жас құрамы



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда Корпорацияда жоғары білімді жұмысшылар санының аз ғана артуы мен техникалық/кәсіби білім бар жұмысшылар үлесінің төмендеуі байқалды. Бұл жұмысшыларды сырттай жоғары білім алуға ынталандырумен байланысты. 2018 жылы сырттай оқу формасында 50 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 35 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 53 қызметкер сырттай техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 48 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды.

2018 жыл қорытындысы бойынша 197 жұмысшы жоғары оқу орындарында сырттай оқу формасында білімі алуды жалғастырып жатса, олардың 145-і кәсіпорын профилі бойынша. 108 жұмысшы сырттай оқу формасында техникалық/кәсіби білім алып жатса, олардың 91-і кәсіпорын профилі бойынша.

Білім беру деңгейінің динамикасы



қызметкерлер саны – 3 646 адам, олар барлық қызметкерлердің 33,8%-ын құрайды. Корпорация қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 797 адам оқытылды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

2018 жылы Корпорация бойынша 2017 жылмен салыстырғанда қызметкерлердің тұрақсыздығының 1,3 %-ға артқаны байқалды. Холдинг бойынша қызметкерлер тұрақсыздығының басты себептері:

- Қазақстан ішіндегі (қала/ ауыл) көші-қон;
- Қазақстаннан тыс аумаққа (РФ және ТМД елдері) көші-қон;
- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық.

2018 жылы тұрақсыздық коэффициентін төмендету үшін келесі шараларды жүзеге асыру жалғастырылды:

- Еңбекті төлеу қоры резервтерін анықтап, босаған қаржыны еңбекақыны көтеруге бағыттау;
- Тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;
- Қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру;
- Ұжымдық келісімшарттарға сәйкес, әлеуметтік кепілдіктер жағдайларын жақсарту.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚИТУ ЖӘНЕ ДАМУЫ

Корпорацияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:


- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;
- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Корпорация кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.


2018 жылы барлық қызметкерлердің 77,8 %-ын құрайтын 8 391 адам оқытудан өтсе, оның ішінде 76,3 % құрайтын 6 398 өндіріс саласының адамы міндетті оқудан өтті. Корпорацияның оқу орталықтарында 2018 жылы оқыған

Атауы	2016	2017	2018
Дайындықтан, қайта даярлаудан және біліктілік көтеруден өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	7 953	8 215	8 391
Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, техникалық пайдалану ережелері (алғашқы оқыту, біліктілікті растау, аттестация/қайта аттестация), басшыларға арналған курстар	5 786	6 022	6 398
ISO 9001, ISO 14001, OHSAS 1800 сапа менеджменті жүйесі бойынша оқытулар (қоршаған ортаны қорғау, ішкі аудит және тәуекелдерді басқару мәселелерін қоса алғанда)	52	157	131
Аралас мамандықтарды оқыту	652	722	797
АҚ және ТЖ бойынша оқыту	32	7	17
Өзге (біліктілікті арттыру, семинарлар, тренингтер және т.б.)	1 431	1 307	1 048

Тұрақсыздық коэффициенті



Қызметке алу бойынша айналым коэффициенті



Жалпы Корпорация бойынша 2016-2018 жылдардағы динамика бойынша қызметкерлерді жұмысқа алу айналымы коэффициентінің өсімі байқалады. Бұл ретте жұмысқа орналастырылған жұмысшылар саны жұмыстан шыққан қызметкерлер санынан артық. Бұл қызметкерлердің тізімдік санының жоспарлы түрде артуымен байланысты.

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2018 жылы «ОАЭК» АҚ-нда 1 048 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резервті қалыптастырған.

Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілікті арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. 2018 жылы кадрлық резервте тұрғын қызмет-

керлердің ішінде 120 адам басқарушы лауазымдарға ауыстырылды.

Жыл сайын сыртқы кадрлық резервті қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Резервке оқу орындары түлектері де қосылады.

Корпорация кәсіпорындарында 1 173 жас маман қызмет етеді, оның ішінде 2018 жылы 304 адам жұмысқа қабылданды, оның ішінде жетекші лауазымдар мен мамандықтарға – 97 адам. Бұл ретте техникалық/кәсіби білімімен жұмысқа алынғандар үлесі 155 адам (51 %) болса, жоғары білімі барлар – 149 адам (49 %).

ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ

2018 жылы «PROFENERGY» жобасы аясында «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарында оқу орындары түлектерін кәсіпорындардың негізгі/қат мамандықтарына тартуға, қызметкерлердің білім деңгейін дамыту мен көтеруге, негізгі қызметкерлерді ұстап қалуға бағытталған жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін көтеру жүйесі бойынша бағдарламаны жүзеге асыру жалғасын тапты.

Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде келесі шаралар жүзеге асырылды:

- Өндірістік нысандарға 24 экскурсия жүргізілді;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атаулы корпоративтік шәкіртақыларын алуға ғылыми жұмыс байқауы ұйымдастырылып өткізілді, нәтижесінде екі жеңімпаз – Екібастұз және Петропавл қалалары оқу орындарының студенттері таңдалып алынды;
- Жазғы каникул уақытында 31 студент жұмысқа орналастырылды;
- Өндірістік және дипломалды тәжірибеге 535 студент қабылданды, олардың ішінде 68 студент ақы төленетін тәжірибеден өтіп, білім туралы дипломды қолына алғаннан кейін Корпорацияға жұмысқа орналасу жөнінде келісімге қол қойды;

- 28 студент «Ақмола электр желілік үлестіру компаниясы» АҚ-нда тәжірибеден өту кезінде қонақүймен қамтамасыз етілді;
- «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары қызметкерлері емтихан қабылдау және диплом жұмыстарын қорғау бойынша емтихан комиссиясы мен мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамына қатысты;
- Оқу орнын сәтті тәмамдағаны үшін 25 жұмысшыға бонустар төленді;
- 142 жұмысшыға ақы төленетін оқу демалысы берілді;
- 27 жұмысшыға оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз ссуда берілді.



2018 жылғы ақпанда Қазақстанда білім берудің дуальды формасын енгізу бойынша Қазақстан-Германиялық жобасы аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобының 51 жұмысшысы «Жұмыс орнында оқыту педагогикасы» тақырыбы бойынша тәлімгерлердің біліктілігін көтеру курстарынан өтті.

Профильді оқу орындарымен әлеуметтік серіктестік аясында 2018 жылы «АЭҮК» АҚ кәсіпорындары базасында келесі шаралар атқарылды:

- Елорда және Ақмола облысы профильді оқу орындары студенттері мен оқушыларын дуальды оқыту жүйесі енгізілді;
- 175-тен астам студентке қолданыстағы шағын станцияларына, компанияның Қабанбай батыр ауылындағы оқу полигонына, Ақмола МЭЖ диспетчерлік пунктіне экскурсия жасалды;
- компанияның оқу орталығында «Электр тоғымен жарақаттану кезінде жарақат алушыға алғашқы көмек көрсету», «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау» тақырыптары бойынша студенттерге шеберлік сыныптары өткізілді;
- энергетикалық мамандықтарды насихаттау мақсатында мектеп оқушыларына таныстыру курстары және мамандыққа бейімдеу экскурсиялары өткізілді;
- Нұр-Сұлтан қаласы №22 мектеп-гимназиясында энергетикалық бағыттағы үйірме құрылды.


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҮНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Корпорацияда ынталандыру және марапаттау әрбір жұмысшының тиімділігі мен нәтижелілігін, арттыруға бағытталған. Жұмысшы еңбекақысы өндірістік процеске қосқан үлесі мен өндіріс процестерін басқару жүйесінің тиімділігіне сәйкес, жұмысшы нәтижелілігін бағалау қорытындысы негізінде төленеді.

Еншілес ұйымдар бойынша 2018 жылғы орташа табыс 2017 жылмен салыстырғанда 11,4 %-ға артты.

2018 жылы «АЭҮК» АҚ-нда қызметкерлер санына оңтайландыру жүргізіліп, босаған еңбекақы қоры жұмысшы қызметкерлер арасында бөлінді. Бұл 1 жұмысшының орташа табысын орта есеппен 13,9 %-ға көтеруге мүмкіндік берді.

«ОАЭК» АҚ еншілес компанияларына шаққандағы орташа табыстың арту деңгейі



МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ҮНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Корпорацияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2018 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін 144 қызметкер корпоративтік наградалармен, 24 қызметкер мен ардагер мемлекеттік наградалармен, 5 қызметкер ТМД Электроэнергетикалық Кеңесінің наградасымен, 58 ардагер мен қызметкер Қазақстан Энергетикалық Қауымдастығының награда-сымен, оның ішінде 8 қызметкер «Еңбек сіңірген энергетик», 6 қызметкер «Құрметті энергетик» атағымен марапатталды.

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«ОАЭК» АҚ барлық компанияларында кәсіподақ ұйымдары қызмет етеді, сондай-ақ, жұмысшылар мен олардың отбасыларына әлеуметтік жеңілдіктер пен кепілдіктер қарастырылған Ұжымдық келісім-шарттар жасалған.

Атауы	2016	2017	2018
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	6 601	6 020	5 696
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	63	57	53

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобында Бірыңғай ұжымдық шарт 2016-2019 жылдарға қабылданған. 2017 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» топ кәсіпорындарында 2018-2020 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасалды.

«АЭҮК» топ кәсіпорындарында жаңа 2019-2021 жылдар кезеңіне Бірыңғай ұжымдық шартқа өзгерістер енгізу бойынша еңбек ұжымдарынан түскен ұсыныстарға талдау жүргізілді.

Ұжымдық келісімшартты жасауда экономикалық мақсаттылық, жетімділік, бірлескен жауапкершілік пен айқындылық принциптері басшылыққа алынған.

Әлеуметтік серіктестік аясында кәсіпорындар мен кәсіподақ ұйымдарының қатысуымен жыл сайын келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру шаралары;
- демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-бұқаралық шаралар;
- мерейтойлық және мерекелік даталарға демеушілік көрсету;
- қайырымдылық қолдау.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«ОАЭК» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Корпорация еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.



АНА ЖӘНЕ ӘКЕ БОЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Компания атауы	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны			Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмысшылар саны
	әйелдер	ерлер	барлығы		
«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	111	3	114	204	46
«СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобы	54	0	54	86	26
«АЭҮК» кәсіпорындар тобы	35	0	35	85	12
«Астанаэнергосбыт» ЖШС	48	0	48	90	27
Барлығы:	248	3	251	465	111

Зейнеткерлермен әлеуметтік жұмыс үшін ұжымдық келісім-шарттармен Корпорацияның барлық кәсіпорындарында жұмыс істейтін Ардагерлер кеңесіне ақшалай қаражат бөлу қарастырылған. Жыл сайын ҰОС ардагерлерін және еңбек ардагерлерін жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек көрсету арқылы қолдау шаралары өтеді. Ардагерлерге үйлерінде патронаждық көмек көрсетіліп, 9 мамырға орай, концерттік бағдарламалар мен

мерекелік түскі астар ұйымдастырылады.

«АЭҮК» АҚ топ кәсіпорындарында қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мақсатында жыл сайын компания әлеуметтік пакетінің аясында қызметкерлерді ерікті медициналық сақтандыру өткізіледі. Сақтандыру бағдарламалары компания қызметкерлеріне қатысу аймақтарында, Нұр-Сұлтан қаласында амбулаторлы-поликлиникалық және стационарлық жағдайда

білікті медициналық көмек алуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, шалғайдағы ауыл тұрғындары үшін аса тиімді.

2018 жылғы қыркүйекте «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның бес нысанында жаңаланған асханалар ашылды. Асханалар арнайы жабдықтармен жетілдіріліп, қолданыстағы құрал-саймандар жаңаланған.

Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	<ul style="list-style-type: none"> • 5 % көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары • Кәсіби жарыс үшін сыйақы • Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер • Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері • Пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру • 14 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру • Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру • Міндетті медициналық сақтандыру • Санаторий-профилактикалық ем алу шығындарын өтеу
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	<ul style="list-style-type: none"> • Бала дүниеге келгенде материалдық көмек • Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек • Ақы төленетін оқу демалысы • Зейнетке шыққанда сыйақы беру • Компания ардагерлерін қолдау бағдарламасы
Спорттық-сауықтыру шаралары	<ul style="list-style-type: none"> • Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу • Мәдени-бұқаралық шаралар мен ұжымдық демалысты өткізу шығындарын өтеу

2018 жылғы мамырда «Энергетик» санаторий-профилакториі мен «Энергетик» демалыс үйі «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» компаниялар тобына кірді. Нәтижесінде емдеу мекемелерінде үлкен өзгерістер орын алды. Атап айтқанда, жұмысшыларға жаңаланған медициналық қор іске қосылды, күрделі емес жүрек-қан тамырлары аурулары бар жұмысшыларға тегін емдеу курстары енгізілді. Павлодар облысы Мичурино ауылында орналасқан Демалыс үйі де өз жұмысын жетілдіруде: техникалық парк толығып, пирс толықтай жаңаланып, жағажай абаттандырылды. Демалыс үйінің танымалдылығы артып, қазақстандық және ресейлік байкерлер мұнда жыл сайынғы «Иртышские зори» мотофестивалін өткізді.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2008 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жыл сайынғы «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі байқауына қатысып, Қазақстан ірі бизнес кәсіпорындары арасында «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында үшінші орын иеленді.

СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

Корпорация кәсіпорындарында салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту мақсатында келесі шаралар өткізіледі:

- спорттық-сауықтыру кешендеріне абонементтер беру;
- белсенді бос уақытты ұйымдастыру;



- ұжымдық дәстүрлерді қалыптастыру;
- жыл сайын спартакиада, кәсіби жарыстар өткізу.

«ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдарының қызметкерлері кәсіпорын деңгейінде, облыстық, өңірлік және халықаралық деңгейде өткізілетін спорттық және сауықтыру шараларына белсенді қатысады. Кәсіпорын ішінде спорттық сайыстар өткізу тәжірибесі командалардың сыртқы жарыстарда жүлделі орындарды иеленуіне мүмкіндік береді.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының шамамен 2 765 жұмысшысы бассейн, футбол сек-

циялары, волейбол және өзге де спорт кешендеріне барады. Павлодар өңірінде волейбол, шаңғы жарысы, күзгі кросс, футбол, гиря, армреслинг, шахмат, балық аулау сынды спорттық сайыстар аса танымал.

2018 жылы сайыстар спорттың 8 түрі бойынша өткізіліп, оларға 270 жұмысшы қатысса, тағы 60 адам Павлодар облысы кәсіпорындары арасындағы қалалық спартакиадаға қатысып, 2-ші жалпыкомандалық орынды иеленді.

2018 жылғы қазанда Павлодардағы «Баянтау» спорт сарайында волейбол бойынша өндірістік

ұжымдардың 47-қалалық кешенді спартакиадасы өтіп, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ командасы 4-орын иеленді. Энергетиктер өңірдің жүлделі орындарды иеленген ірі кәсіпорындарымен сайысты. Сондай-ақ, спартакиада аясында мини-футболдан жарыс өткізілді. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ командасы 8 сайыскер команда арасында 4-орын алды.

дәстүрлі түрде «АЭУК» АҚ-нда келесі төрт спорт түрі бойынша жыл сайынғы спартакиада өтті: волейбол, шахмат, үстел теннисі және армреслинг. Жарысқа компанияның құрама командалары қатысты. Барлық жарыс қатысушылары саны – 50 адам. Ақмола ауданаралық электр желілері командасы спорттың барлық түрінде де бірнеше жыл қатарынан үздік болып

бойынша жобалар жүзеге асырылады. Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

1. «PROFENERGY» бағдарламасы аясындағы шараларды ары қарай жүзеге асыру;
- жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы қызметкерлері арасында жыл сайын спорттың 14 түрі бойынша жарыстар, спартакиадалар және туристік слеттер ұйымдастырылады. Жалпы алғанда жарыстарға 2018 жылы 276 қызметкер қатысты. Жыл қорытындысы бойынша алты жыл қатыранын біріншілік жеңісін «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» қолдан бермей келеді. Кәсіпорын спортшылары волейбол, мини-футбол, сондай-ақ, үстел теннисі, дартс, жеңіл атлетика, шахмат, бولينг және коньки сайыстарында үздік шықты.

2018 жылы 35 жұмысшыдан құралған «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамасы «Қызылжар» бірінші қалалық спартакиадасына қатысып, Петропавл қаласының 18 командасы ішінде 3-орынды иеленді.

ҚР тәуелсіздігі күні қарсаңында

келеді. Екінші жалпыкомандалық орынды компанияның басқарушы аппараты иеленсе, үшінші орынға Степногорск АЭС тұрақтады.

Орын алған оқиғалар ақпараттық корпоративтік құралдарда кеңінен насихатталып, спорттық-сауықтыру шараларының қатысушылары құр қол қайтпайды, жеңімпаздар кәсіпорынның бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

2019 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ ЖОСПАРЛАР

2019 жылы Корпорацияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында жас мамандарды қолдау мақсатындағы шаралар атқарылып, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері мен профильді автоматтандырылған процестерді енгізу

- тәлімгерлік институтын дамыту;
- негізгі қызметкерлерді дамыту;
- аса қат мамандықтарды дамыту.

2. Корпорацияның стратегиялық және оперативті мақсаттарына қол жеткізу бойынша негізгі көрсеткіштерді әзірлеу және енгізу.

3. Корпорация қызметкерлеріне арналған әлеуметтік жеңілдіктер мен кепілдіктердің бірыңғай тізімін бірдейлендіру және әзірлеу.

4. «ОАЭК» АҚ еншілес ұйымдары өндірістік процесі жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бағдарламаларын жүзеге асыру.

5. Кадрлық есеп, қызметкерлер мен еңбек экономикасын бағалау бағыттары бойынша автоматтандырылған процестерді дамыту және енгізу.



АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«ОАЭК» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Корпорацияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акционерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Корпорацияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Корпорация қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Корпорацияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Корпорация туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Корпорация мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- Корпорацияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Корпорацияның оң имиджін қалыптастыру.

2018 жылы «ОАЭК» компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Корпорация және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «деңгелек үстелдер» ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды. Жыл ішінде БАҚ қатысуымен барлығы 58 шара ұйымдастырылды.

2018 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде 7 316 материал жарық көрді (оның ішінде «ОАЭК» АҚ туралы – 1 342, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ – 1 971, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – 1 874, «АЭУК» АҚ – 507, «Астана-энергосбыт» ЖШС – 1 622).

Жыл ішінде мүдделі тараптарға арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, антикризистік PR мен превентивті сипаттағы шаралар қолданылды.

Холдингтің PR-қызметтері есептік жыл ішінде корпоративтік ба-сылымдардың 69 санын жарыққа шығарды.

ЖЫЛУ – БАРШАҒА!

2018 жылы жүзеге асырылған ірі жобалардың бірі – жылу маусымына дайындық аясында кеңестер мен техникалық талаптар жинақталған «Жылу - баршаға» буклетінің жарық көруі болды. Баспа материалы ПИК қызметкерлері мен пәтер және



жеке үй иелеріне таратылды. Жинақтың таралымы – 5 мың дана. «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «ОАЭК» АҚ қоғаммен байланыс қызметтері жылу қызметтерінің мамандарымен бірлесе отырып әзірлеген жинақтың электронды нұсқасы сайттарда жарияланды. Ақпарат тарату нәтижесінде ПИК тарапынан қойылатын сұрақтар саны қысқарып, үйлердің жылу маусымында жылуды қабылдауға үйлерді дайындау статистикасы жақсарды. Мұндай жинақтарды әзірлеу тәжірибесі басқа еншілес ұйымдарда да қолданылатын болады.



ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

2018 жылы холдингтің еншілес компаниялары өткен жыл қорытындысы туралы қоғамдық тыңдаулар өткізіп, экология, өндіріс, энергияны беру және тарату мәселелері көтерілді. Кәсіпорындар ұйымдастырған қоғамдық тыңдауларға тұтынушылар, қоғамдық ұйымдар өкілдері, БАҚ және мемлекеттік органдар өкілдері қатысты.

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ

Экологиялық жобалар бойынша 2 қоғамдық тыңдау өткізілді:

- «3-ЖЭО күл үйіндісінің 1-кезегін биіктету» (28.02.2018 ж.);
- «Бета» топырақ жыныстарын өнеркәсіптік әзірлеу» (28.04.2018 ж.).



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

4 қоғамдық тыңдау өткізіліп, келесі есептер тыңдалды:

- 2-ПЖЭО-ның 2017 жылғы қызметі туралы есеп (05.04.2018 ж.).
- «СҚ ЭТК» АҚ-ның 2017 жылғы қызметі туралы есеп (06.04.2018 ж.).
- «ПЖЖ» ЖШС-нің 2017 жылғы қызметі туралы есеп (07.04.2018 ж.).
- «Севказэнергосбыт» ЖШС-нің 2017 жылғы қызметі туралы есеп (08.04.2018 ж.).



«АЭУК» АҚ

Тұтынушылар және өзге мүдделі тұлғалардың қатысуымен электр энергиясын беру және тарату бойынша реттелетін қызметтер туралы жылдық есеп беру бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілді.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Корпорацияда қызмет ашықтығын арттыруға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіледі. Бұл жұмыстар Корпорацияның «Коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет ету бойынша саясатымен» реттеледі.

Саясаттың негізгі принциптеріне корпоративті басқаруды жоғары деңгейде жүргізу, коррупция мен алаяқтыққа жол бермеу, тәуекелдерді бағалау, ашық ұйымдық құрылымды қалыптастыру жолымен өкілеттіктер мен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде көзқарастар қайшылығын азайту жатады.

Бұл бағыттың күшейтудің негізі элементтері – коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны құру және енгізу, сондай-ақ, мұндай сипаттағы оқиғаларға оперативті ықпал ету болып табылады. Корпорацияда тиісті қалып мәдениеті және алаяқтықтың кез-келген түріне негативті қарым-қатынас қалыптасып келеді және жұмысшылардың алаяқтыққа бару тәуекелі төмендетілуде.

2018 жылы коррупция не алаяқтық оқиғасы тіркелген жоқ.

«АСТАНАЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС

«Жылу энергиясымен қамту» қызметі бойынша қоғамдық тыңдаулар (09.11.2018 ж.) өткізілді. Шара Мемлекет басшысының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» 2018 жылғы 05 қазандағы Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру бойынша Жалпыұлттық шаралар жоспарының 5 тармағын іске асыру және Қазақстан республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетінің тапсырмасын орындау мақсатында ұйымдастырылды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҰҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ

Корпорацияның инвестициялық салымдарының маңызды мақсаты – энергия өндірісіне байланысты қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендету болып табылады.

2009-2018 жылдары Корпорация күл шығарылымдарын 70 %-ға төмендетті. 2018 жылы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру басталар алдында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарының күл және күкіртті атмосфераға бөлуі тиісінше 1 094 және 1 425 мг/нм³ көрсеткіштеріне сәйкес болатын. 2018 жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіштер тиісінше 286 және 1 386 мг/нм³ құрады.

2009-2014 жылдары «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ станцияларындағы барлық қазандық агрегаттарда орнатылған екінші деңгейлі титан эмульгаторлары түгін газдарын тазарту деңгейін арттырып, кәсіпорындардың экологиялық төлем шығындарын қысқартты.

Станцияның технологиялық циклінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және күл-қож қалдықтарын 25 жылға дейін қоймалау мақсатында күл үйінділерін салу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыста зиянды заттардың жер қыртысына енуін болдырмайтын инновациялық материал қолданылады.

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ


ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін Компаниялар тобы өз қызметінің қоршаған ортаға ықпалын төмендетуге және өз кәсіпорындарының экологиялық тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған шараларды жоспарлап, жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2018 жылы 5 188,625 млн теңгені құрады.

АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ


2018 жылы «ОАЭК» АҚ компаниялар тобында 7 025,1 млн кВт-с электр энергиясы және 6 874,2 мың Гкал жылу энергиясы өндірілді. Энергия өндіруге 6 432,9 мың тонна Екібастұз көмірі және 7,7 мың тонна мазут жұмсалды. Шикізат көздері жаңартылмайды.

Корпорация шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады.

2012–2018 жж. ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



2012–2018 жж. ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт-с



ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO₂)

Корпорация парник газдары шығарылымдарын және озон бұзушы заттарды тұтынуды түгіндеу жұмыстарын ұйымдастырды. Парник газдарына мониторинг жасау үшін қалыпты (тұрақты) өндірістік қызмет, арнаулы тәжірибе (іске қосу-реттеу жұмыстары, процесті тоқтату және техникалық қызмет көрсету) және апаттық оқиғалар кезіндегі шығарылымдарды есептеуді қамтамасыз ететін есептік тәсіл қолданылды.

2016-2018 жылдары Павлодар, Екібастұз, Петропавл қалаларын жылумен қамту жүйесін қайта құру бойынша жобаны жүзеге асыру аясында энергияны пайдалану тиімділігін арттыру, шығындарды төмендету және экологиялық стандарттарды жақсарту (желілер арқылы жылу беру шығындарын азайтумен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO₂ шығарылымдарын төмендету) күтілуде.


Парник газдары шығарылымдарын төмендетудің қосымша ұйымдастырушылық құралы – өндіріс



2008 жылдың аяғы мен 2018 жыл аралығында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарымен атмосфераға бөлінетін зиянды заттар көлемі 24,3 %-ға (өзге шығарылымдарды қоса алғанда, 108,5 мың тоннадан 82,1 мың тоннаға дейін) төмендеді.

үлесін жаңа энергоблоктармен арттырумен және кәсіпорындарда ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесі (энергоүнемдеу бойынша шаралар) стандартын енгізумен байланысты отынды пайдаланудың жалпы тиімділігін арттыру мен Энергоүнемдеу бағдарламасы болды. Екеуінің де мақсаты – өндіріс процестерінің энерготіімділігін арттырумен қатар, парник газдары шығарылымдарын төмендету болып табылады. Аталған бағдарлама шараларын жүзеге асыру арқасында 2018 жылы парник газдары шығарылымдарын 532,809 мың тонна CO₂-ге төмендетуге қол жеткізілді.

2012–2018 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO₂ бөлшек шығарылымы, тонна/МВт-с




Парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2018 жылы 2017 жыл деңгейінде сақталды.

Парник газдары шығарылымдарын төмендетуге бағытталған энергоүнемдеу бағдарламасы аясында 2018 жылы жүзеге асырылған шаралар ішінде келесі маңыздыларын атап өтуге болады:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО жылу қуаттылығын беру сызбасын қайта құру;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 7AT автоматты трансформаторын қайта құру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО №№ 1, 3, 5 қазандық агрегаттарының ауа жылыту текшелерін жөндеу;

2012–2018 жж. CO₂ жалпы шығарылымы, млн тонна



- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО №№ 1, 3, 5 қазандық агрегаттары жандырғыштарының аэроқоспа құбырларын ауыстыру;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО, ЕЖЭО лампаларын энергоүнемдеуші лампаларға ауыстыру.

2018 жылы «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ бойынша «Павлодар облысы бойынша экология департаменті» АММ тарапынан өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру кезінде экологиялық талаптардың сақталуы мәселелері бойынша жоспардан тыс бір тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижесінде экологиялық заңнама мен қалдықтармен жұмыс жасау саласындағы өзге нормативтік талаптардың бұзылуы анықталған жоқ.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» АММ тарапынан 1 жоспарлы және 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Олардың нәтижесі бойынша әкімшілік айыппұлдар салынып, оның шығыны 2 324,554 мың теңгені құрады.



Парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері 4,2 %-ға төмендеген.



СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Су ресурстарын қолдан кәсіпорындар өндірістік процесінің негізгі бөлігі болып табылады және жабдықтарды салқындату процесінде маңызды роль ойнайды. «ОАЭК» АҚ компаниялар тобының өндіріс нысандарында тұйық, яғни техникалық сумен қамтудың айналымды жүйесі (Петропавл қаласында салқындатқыш тоғандар, Павлодар қаласында градирнялар) қолданылады.

Компаниялар тобы кәсіпорындарында ауыз сумен қамту, ағын су және коммуналдық-тұрмыстық кәріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су әкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және кәріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі.

«ОАЭК» АҚ қолданатын барлық су – тұщы су болып табылады. Сезімтал су көздері қолданылмайды.

2018 жылы компаниялар тобы сумен қамту мақсатында 905 512,9 мың м³ су қолданса, оның негізгі бөлігін айналымды сумен қамту жүйесінің суы құрайды. Есептік кезеңде су әкету көлемі 477,036 мың м³ құрады.

2018 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау

жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы айналымды сумен қамту жүйесін, қайта қолданылатын суды, су ресурстарының ластануы мен сарқылуын болдырмайтын жүйені жаңғырту, нақты айтқанда: «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ТА №1-7 май бақтарын, бақтардың торларын тазалау; ТА №2, 3, 6, 7 МОУ фильтрлерін тазалау және жөндеу; 5Д, 2Г, 4В, 2Б, 5Е, 3А, 6Б май салқындатқыштарын тазалау, ТА №1-7 май тазалау қондырғыларына техникалық қызмет көрсету;
- орталық сорғы станциясында №2, 3, 4 айналмалы торлары жөндеді, №1,2 артезиан сорғыларына, жағалық сорғы станциясының №1, 2, 3 дренажды сорғыларына және орталық сорғы станциясының № 2, 4 сорғыларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, №2 сорғы мен №1, 2, 3, 4, 5 циркулярлы сорғыларына техникалық қызмет көрсетіліп, №5 циркулярлы сорғы күрделі жөндеуден өтті, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ағынды арнасы тазаланды;
- ОСС №3, 5 аванкамераларының суасты бөлігіне тексеру жүргізілді, Большое Белое көлінің құбыр өткізгішінің суасты бөлігіне зерттеу жүргізілді;
- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-нда судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген кестеге сәйкес суға талдау жүргізілді);

- «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ 3-ЖЭО және 2-ЖЭО техникалық және шаруашылық су запорлы және реттеуші арматураларын, құбыр өткізгіштерін жөндеу;
- Техникалық су құбырлары, өрт сөндіру құбырлары және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ ЕЖЭО жылу беру тиекті арматураларын ауыстыру және жөндеу.

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99 %-ын құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалау үшін жаңа орын құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасын сақтау қоршаған ортаны күл-қож қалдықтарымен ластанудың алдын алуға және ЖЭО-ның тұрақты қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Күл үйінділерінің жаңа карталарын салу кезінде күл үйіндісінің табанында фильтрациялық экранға қарсы жаңаша технология – канадалық полисинтетикалық геомембрана қолданылды. Бұл – гидроқұлжою (ГКЖ) айналымды жүйесінің жарықтандырылған суының құрамында кездесетін химиялық құрамдас бөліктердің есебінен ластанатын жер қыртысы және жерасты суларды қорғауды қамтамасыз ететін

сенімді және ұзақмерзімді фильтрацияға қарсы экран.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес әзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертификатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Корпорацияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі – «ОАЭК» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жү-

йесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі), ISO/CD 50001 (Энергетикалық менеджмент жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

2018 жылы «АЭҮК» АҚ халықаралық ISO 9001, 14001, 18001 стандарттарына сәйкестік сертификациясынан сәтті өтті.

2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАР

Экологиялық саясатты жүзеге асыру аясында экологиялық тиімділік пен өз кәсіпорындарының қауіпсіздігін арттыруға және қыз-



меттің қоршаған ортаға негативті ықпалын төмендетуге бағытталған жұмысты одан ары жалғастыру жоспарлануда. Бұл мақсат аясында табиғат қорғау шаралары жоспарымен энергоүнемдеу бағдарламасын орындау, ескірген жабдықтарды одан ары жаңғырту, экологиялық заңнама талаптарын сақтау жоспарланып отыр.

ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ЖАЛПЫ МАССАСЫ, МЫҢ ТОННА

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Күл-қож қалдықтары	2 600	2 607,8	2 608,1
Қалдықтардың өзге түрлері	8,2	11,3	7,5

ҚАУІПТІЛІК ДЕҢГЕЙІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР, МЫҢ ТОННА

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Қалыптасқан қалдықтар:	2 607,6	2 619,1	2 615,6
Жасыл тізім	2 607,2	2 618,7	2 615,2
Янтарь тізім	0,45	0,38	0,45

ҚОЛДАНУ ТӘСІЛІНЕ БӨЛГЕНДЕГІ ҚАЛДЫҚТАР, МЫҢ ТОННА

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Қалыптасқан қалдықтар:	2 607,6	2 619,1	2 615,6
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 600	2 607,8	2 608,1
Кәсіпорында қолданылған қалдықтар	13,1	5,02	0,424
Залалсыздандырылған қалдықтар	0	0,04	0,04
Сыртқы ұйымдарға берілген қалдықтар*	7,1	6,27	7,148
Кәсіпорынның өзіндік нысандарында орналастырылған қалдықтар	2 600	2 607,8	2 607,8
Оның ішінде күл-қож қалдықтары	2 600	2 607,8	2 607,8

*Ескертпе: 2018 жылы «Fly Ash» ЖШС-мен келісімшарт негізінде «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ күл үйіндісінен 297,87 тонна күл-қож қалдықтары игерілді.

КӨЗДЕРГЕ БӨЛГЕНДЕГІ ҚОЛДАНЫЛҒАН СУДЫҢ ЖАЛПЫ САНЫ, МЫҢ М³

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	543 598,7	810 167,8	905 512,9
Беткі су нысандарынан	13 463,0	157 469,7	153 828,5
Сыртқы жеткізушілерден	24 466,4	23 791,289	53 067,4
Тұйық су қолдану жүйелерінде	505 669,3	628 906,8	698 617,0

АҒЫН СУ ӘКЕТУ КӨЛЕМІ, МЫҢ М³

Көрсеткіш	2016	2017	2018
Пайда болған барлық ағын су	499,3	489,7	477,036
Сыртқы ұйымдарға әкетілді	499,3	461,5	471,736
Беткі су нысандарына әкетілді	0	28,2	5,3

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ



ҚАУІПСІЗДІК БӘРИНЕН МАҢЫЗДЫ

«ОАЭК» компаниялар тобының қауіпсіздік және еңбекті қорғау (ҚЖЕК) саласындағы негізгі стратегиялық мақсаты – ескерту шараларын жүргізу және ҚЖЕК саласындағы ең үздік тәжірибелерді енгізу арқылы қайғылы оқиғалардың жалпы санын қысқарту болып табылады.

Корпорацияда Еуропалық қайта құру және даму данкінің саясатына сәйкес Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспары (ESAP) жүзеге асырылған. ESAP аясында «ОАЭК» АҚ кәсіпорындарында қауіпсіздік және еңбекті қорғауды жетілдіру бойынша жобалар туралы ақпаратты қамтитын бұқаралық есеп ұсынылған.

Сондай-ақ, компаниялар тобында «ОАЭК» АҚ 2018-2019 жылғы ҚЖЕК бойынша шаралар жоспары жүзеге асырылады. Оның аясында бірқатар шаралар өткізілді. Есептік жылда «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда ҚЖЕК бойынша «Энергия көздерін оқшаулау» стандарты бекітіліп, іске қосылды. Барлық еншілес компанияларда оперативті қосылу, жұмыс орындарын дайындау, жұмыс орындарында жерлендіруді орнату және алу жұмыстарына қатысты өндірістік қызметкерлердің еңбек тәртібі мен жауапкершілігін

арттыру мақсатында мобильді бейнерегистраторларды қолдану тәртібі мен оны бақылау бойынша нұсқаулық бекітіліп, қолданысқа берілді.

2018 жылғы сәуірде Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған шаралар өткізілді:

- ҚЖЕК бойынша Корпорация Бас директорының бірінші орынбасарының төрағалық етуімен өткен кеңейтілген жиналыс;
- «Қауіпсіз өндіріс» айлығы;
- «Еңбекті қорғау балалар көзімен» тақырыбындағы балалар шығармашылығы байқауы;
- ҚЖЕК отбасылық күні;
- «Қауіпсіздік бәрінен маңызды» тақырыбындағы жас мамандардың жалпыкорпоративтік байқауы.

Сондай-ақ, компаниялар тобында жарақаттану мен энергетикалық және технологиялық жабдықтарды



пайдалану кезінде қайғылы оқиғалар орын алуының алдын алуға бағытталған ҚЖЕК өзара аудиттерін өткізу тәжірибесі жалғасуда. Есептік жылда «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда 2 өзара аудит ұйымдастырылды.

«ОАЭК» АҚ-ның барлық жылу электр орталықтары оқыстан жүрегі тоқтап қалған адамға жедел жәрдем бригадасы келгенше дейін алғашқы көмек көрсету тиімділігін арттыру үшін автоматты сыртқы дефибрилляторлармен жабдықталғанын атап өту маңызды.

Жыл ішінде ҚЖЕК «Өндірістік алаңдар мен нысандарда транспорттар мен жаяу жүргіншілердің өзара қызметі кезіндегі қауіпсіздік талаптары» стандартын орындау мақсатында ЕУ-дың барлық құрылымдық бөлімшелерінде жаяу жүргіншілер мен транспорттардың қозғалыс сызбасы әзірленді.

Биіктікте қызмет ету үшін монтаж белдіктерінен сақтандырушы белдіктерге көшу жаслғасуда.



2018 жылы Компаниялар тобында жарақаттану деңгейі 2017 жылмен салыстырғанда 30 %-ға және 2016 жылмен салыстырғанда 50 %-ға төмендеді. Адам өлімімен аяқталған оқиғалар 2017 және 2018 жылдары орын алған жоқ.



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Әрбір еншілес ұйымда Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңестері құрылған. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді. Кеңесті кәсіпорын жұмысшылары ішінен тандалатын төраға басқарады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;
- еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмысты жою мақсатында өндіріске заманауи технологиялар мен жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселеле-

лерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ИНСПЕКТОРЛАР

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қыз-

